SARQAN AÝDANY

# SARQAN

*Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті*

*Газет 1933 жылғы мамырдан шығады* • *www.sarkan-gazeta.kz* • **e-mail:** *Igiman01@mail.ru* • ***№19 (95177) 22 мамыр 2026 ж.***

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «АЛТЫН ОРДА – ДАЛА ӨРКЕНИЕТІНІҢ ҮЛГІСІ: ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ, МӘДЕНИЕТ, БІРЕГЕЙЛІК» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СИМПОЗИУМДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті жиынға қатысушылар!

Баршаңызға Алтын Орда тарихына арналған халықаралық симпозиумға қош келдіңіздер деп айтқым келеді. Ең алдымен, Астанаға арнайы келген қадірлі меймандарға шынайы ризашылығымды білдіремін. Менің алдымда сөз сөйлеген атақты ғалымдар мен беделді халықаралық ұйымдардың өкілдеріне алғыс айтамын. Сөздеріңіз мағыналы, мазмұнды болды.

Алтын Орда – Еуразияның ұлан-ғайыр аумағын еркін жайлап, Ұлы дала төсінде билік құрған қуатты империя болғанына ешқандай тарихшы күмән келтірмейді, бұл – мойындалған тарихи дерек.

Алтын Орда Батыс пен Шығысты жалғап, түрлі өркениеттердің дамуына, мемлекеттердің қалыптасуына ерекше ықпал еткен аса ірі саяси құрылым болды. Бұл да – дәлелденген дерек. Сондықтан Алтын Орда тарихы көптеген іргелі зерттеулерге арқау болғаны анық.

Дегенмен бұл тақырып әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ, меніңше, ешқашан жоғалтпайды. Бұл – ұлт жылнамасы мен әлем тарихы үшін өте маңызды мәселе. Біз халықаралық ғылым қауымдастығымен бірлесе отырып, осы тақырыпты жүйелі әрі жан-жақты зерделеу жұмысын жалғастыруымыз керек. Бірнеше күнге созылатын іс-шараның негізгі мақсаты да – осы.

Бұл тұста Қазақстанның бастамасына қолдау көрсеткені үшін ЮНЕСКО басшылығына ризашылығымды айтқым келеді. Бұл форумға қатысып отырған ЮНЕСКО-ның бұрынғы Бас директоры Одрэ Азуле ханымға алғысымды айтамын. Сіз Қазақстан мен ЮНЕСКО арасындағы әріптестікті нығайтуға мол үлес қостыңыз.

Симпозиумның осындай беделді жаһандық ұйым аясында өтуі Алтын Орда мұрасының әлемдік ауқымдағы мән-мағынасы зор екенін көрсетеді. Бүгінгі жиынға ЮНЕСКО-ның жоғары деңгейдегі өкілі, Бүкіләлемдік мұралар орталығының директоры Элунду Ассомо Лазар мырза бастаған делегация қатысып отыр.

Жалпы, еліміз ЮНЕСКО-ның қолдауымен көптеген маңызды жобаны жүзеге асырды. Нақты айтқанда, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Тамғалы тас петроглифтері, сондай-ақ бірнеше көне қала бүкіләлемдік мұралар тізіміне енді.

Сонымен қатар ұлтымыздың материалдық емес мәдени мұраларын дәріптеу бағытында ауқымды жұмыс жүргізілді. Мәселен, былтыр ғана «Хандар шежіресі» деп аталатын бірегей қолжазба әлемдік деңгейде мойындалды. Бұл – ел билеген тұлғалар туралы мәліметтерді топтастырған, соның ішінде Алтын Орда кезеңін қамтыған құнды құжат. Сондықтан біз байланысымызды одан әрі дамытуға мүдделіміз. Бұл – өзара тиімді, маңызды шаруа.

Симпозиум Алтын Орда мен Ұлы дала тарихын зерделейтін түрлі мектеп өкілдерінің басын қосып отыр. Бұл – өте маңызды. Ұзақ жылдар бойы осы іргелі тақырыпты індете зерттеген ресейлік ғалымдардың рөлін атап өткен әділетті болар еді. Олар Алтын Орданың тыныс-тіршілігін жан-жақты сипаттайтын ғылымның мол қорын жинады. Сонымен қатар Алтын Орда тақырыбы бір ғана мемлекеттің шеңберінде шектеліп қалмай, Қытай, Моңғолия, АҚШ, Үндістан, Пәкістан, Жапония, Қырғызстан, Өзбекстан, Мысыр және бірқатар Еуропа елдері зерттеушілерінің назарын аударып, бүкіл әлемді шарлап кетті десек болады.




Түптеп келгенде, Алтын Орда жылнамасы – адамзатқа ортақ тарих. Бүгін өтіп жатқан бірегей симпозиум әлемдік ауқымдағы мұраны жүйелі зерттеу жұмысын жаңа сапалық деңгейге көтереді деп сенемін. Осы жерде отырған ғалымдар мен сарапшылар бұл міндетті іске асыруға елеулі үлес қосуда. Бұл маңызды жұмыста сіздер оң нәтижеге қол жеткізесіздер деп сенемін.

Құрметті симпозиумға қатысушылар!

Қазақстан Алтын Орда тарихын әлемдік жылнаманың күрделі, сан салалы кезеңі ретінде қарастырады. Өйткені бұған атүсті қарауға болмайды. Олай болған жағдайда әлемдік тарихтағы осындай бірегей құбылысқа қатысты ұстаным өзгереді. Ал ол мемлекеттер мен халықтар арасындағы қарым-қатынасқа сызат түсіруі мүмкін. Өкінішке қарай, әлемдік маңызы бар ірі тарихи оқиғаларды бұрмалаған мысалдар қазір де кездеседі.

Геосаяси ахуал құбылып тұрған бүгінгідей заманда соғыстардың қасіретті хронологиясына байланып қалмай, адамзат тарихындағы жасампаз кезеңдер мен диалог алаңдарының нәтижелі сәттеріне мән берген жөн.

Әлбетте, бұл оңай міндет емес. Себебі тарлан тарихтың бағзы дәуірлерден бастап қазіргі дейінгі шежіресінде соғыстар мен қарулы қақтығыстар өте көп кездеседі. Мұндай көріністің қалыптасуы да түсінікті: бейбіт күндегі күйбең тіршілікті сипаттағаннан гөрі қан майдандағы бітіспес ұрыстарды жазған әлдеқайда жеңіл. Айтпақшы, Лев Толстойдың атақты «Соғыс және бейбітшілік» романы – бейбітшілікті емес, соғысты егжей-тегжейлі суреттеген шығарма.

Әлемдік қоғамдастық тарихи жолайрықта тұр. Өркениетті таңдау алдындағы сындарлы сәтте ортақ тарихымызды халықтарды біріктіретін фактор ретінде ұсыну үшін беделді, кәсіби ғалымдардың күшін бір арнаға тоғыстырған дұрыс. Бұл орайда тарихқа әділ әрі саяси тұрғыдан бейтарап баға беру маңызды. «Тарихты жеңімпаздар жазады» деген қағидаттың ғылымға қарсы сипатын ұмытпаған жөн. Яғни жеңімпаздарды жазғыруға болмайды, әлем тарихының төрінен орын алып, зерттеушілердің мақтау-мадағына ие болады. Ал шағын және орта мемлекеттер, соның ішінде майданда жеңіліс тапқан елдер тарихтың тасасында қалады.

Қазақстанда саясаттың пайдасы үшін көшпелі халықтарды жабайы, бейберекет, тарих шеңберінен тыс күш ретінде көрсетіп, қуатты дала империяларын «мемлекет деңгейіне жете алмаған» деп төмендететін ескі догмалар мен қасаң көзқарастарды қайта қарау үдерісі басталып кетті.

Бұл ретте біз шынайы тарихнаманы қалпына келтіре отырып, өткенді әсірелеуден аулақпыз. Тарих өзіне тәнті болған жалған әрекеттерді, ортақ мұраны жекелеген халықтың қанжығасына байлап беруді кешірмейді.

Кереғарлықтар мен кедергілерге толы бай тарихымызды біржақты түсіндіруге қойылатын талап ғылымның құлдырауына және өзара сенімнің жоғалуына әкелетін тұйыққа тірейді.

Сонымен қатар кәсіби тарихшылар қауымдастығында «жұмсақ күш» пен ғылыми дипломатияның өкілдері де бар. Олар саясаткерлер қамал тұрғызатын жерде көпір салуға қабілетті. Тарихшылардың миссиясы қазіргі алмағайып кезеңде маңызды болып тұр.

Алтын Орда дәуірі отандық тарихымыздың маңызды бөлігі, сонымен бірге біз бұл кезеңді ауқымды өркениет парадигмасы тұрғысынан қарастырамыз.

Көптеген халықтың тарихи жадында реформаторлар мен көрнекті ойшылдардың қалыпты тіршілігіне қарағанда, билеушілердің жорығы мен дарынды қолбасшылардың ерліктері сақталатынын жоғарыда айтып өттім.

Расында, соғыстардағы аңызға айналған жеңістер адамдардың рухын оятады. Ал тағдыршешті мәні уақыт өте келе байқалатын институционалды жаңашылдықтар мен озық идеяларға көпшілік селт ете қоймайды. Оған әлі күнге дейін Ұлы дала тарихының шексіз шайқастар мен ұрыстар ретінде бұрмаланып көрсетілуі нақты мысал бола алады.

Мұндай сыңаржақ ұстаным Ұлы даланың, әсіресе, Алтын Орданың күрделі, көп қатпарлы өмір салтын әскери шежірелердің ойдан шығарылған өлшемдеріне салып, тарихи шындықтан алыстатады, оқиғаларды көмескілендіре түседі.

Қазіргі ғылымның жоғары пәнаралық даму деңгейі Алтын Орда тарихын объективті зерттеу үдерістерін жетілдіруге мүмкіндік береді деп санаймын.

Бүгінгі жиында аталған кезеңді зерттеп жүрген беделді ғалымдар бас қосып отыр. Осы орайда Алтын Орда тарихын пайымдау перспективасын кеңейтуге көмектесетін бірқатар ғылыми ізденіске байланысты өз ойымды қысқаша жеткізгім келеді.

БІРІНШІ. Зияткерлік мұраны зерделеу.

Алтын Орда феноменін мыңдаған жыл бойы Еуразия жүрегінде қалыптасқан бай интеллектуалдық кеңістіктен бөліп қарай алмаймыз. Орта ғасырларда Ұлы дала озық идеяларды ұсынған әлемдік орталықтардың біріне айналғаны мәлім.

Орталық Еуразиядағы көшпелілер тіршілігінен, түркі-моңғол мұраларынан, ислам дәстүрлерінен және христиан қауымдастығына жататын халықтардың дүниетанымдық қағидаттарынан нәр алған ақыл-ойдың құнарлы топырақта қанат жаюы заңды еді. Бұл идеялар эволюциясы үздіксіз жүрген кезең еді. Әр ғасыр Ұлы даланың ақыл-ой кенін байытып, жаңа құндылықпен толықтырып отырды.

Осы терең сабақтастықты түйсінбей, Алтын Орданың өркендеу сырын объективті бағалау қиын. Әлбетте, бұл орайда Алтын Орданың негізі қаланғанға дейінгі кезеңдерде өмір сүрген әйгілі ойшылдардың ғылыми, философиялық, әдеби мұраларының мән-маңызы зор.

Ең алдымен, тарихта Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атымен мәлім әлемдік философияның негізін қалаушылардың бірі – Әбу Насыр әл-Фарабидің орны ерекше. Ол «Қайырымды қала тұрғындары» трактатында әділдіктен айнымау, білімге құштарлық және адамгершілік қасиеттерді шыңдау арқылы баршаға бірдей игілікке қол жеткізуге болатынын жан-жақты айтқан. Оның ойлары түрік, мұсылман әлеміндегі кейінгі саяси-философиялық дәстүрлерді түсінуге маңызды бағдар болды.

Ұлы даланың зияткерлік мұрасында ғұлама Қожа Ахмет Ясауи тұлғасы дараланып көрінеді. Ол жалпыға ортақ мұсылман құндылықтары мен жергілікті рухани дәстүрлерді үйлестірген «түркілік исламның» бастауында тұрды. Шын мәнінде, ол Ұлы дала халықтарына қазіргі дүниетанымымыздың өзегіне айналған мүлдем жаңа идеологиялық доктрина ұсынды.

Ясауи хикметтері – Ұлы даланың мәдени коды. Ал ғұламаның Түркістандағы кесенесі – ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген нысан. Түркістан шаһары ғасырлар бойы өңірдің басты рухани және саяси орталығы болды. Қазіргі таңда ол түркі дүниесінің қасиетті қарашаңырағы саналады.

Әл-Фараби, Ясауи және басқа да әйгілі ойшылдар ілімінің Алтын Орда тұсында одан әрі дами түсуі заңдылық. Мәселен, түркі тілі, исламның кітаби дәстүрлері мен даланың санғасырлық даналығы дәл осы кезеңде бір-бірімен біте қайнасып, идеологиялық тұрғыдан ауқымы кеңейді. Бұл Алтын Орда кезеңінің әдебиетінде көрініс тауып, түркі халықтарының сөз өнері қанат жайған кезең ретінде бағаланды.

Халқымыз үшін Алтын Орда дәуірінен бүгінге дейін жеткен «Ақсақ құлан» күйінің символдық мәні зор. Биыл күйдің шыққанына 800 жыл толады. Бұл аңыз – домбыраның шанағынан шыққан Ұлы Даланың үні, ұлтымыздың рухани байлығы.

Кетбұға, Асан Қайғы, Шалкиіз және Доспамбет секілді жыраулардың мұрасы біздің аймаққа тән дәстүрлі өнер жанрында бүгінге дейін жеткені кездейсоқ емес. Сол кезеңдегі жырларда (Ер Едіге, Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын) батырлардың ерлік жолы мен тарихи оқиғалар тізбегі жиі баяндалады. Бұл – қазақ, татар, башқұрт, ноғай, қарақалпақ және басқа да халықтардың ортақ қазынасы.

Осы зияткерлік және рухани сабақтастық сан ғасырларды көктей өтіп, хакім Абайдың шығармаларынан көрініс тапты.

Ұлы ойшыл «Толық адам» тұжырымдамасы арқылы кемеңгер тұлға тәрбиелеудің формуласын ұсынды. Оның өзегінде «нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат» үштағаны тұр.

Сондықтан Ұлы даланың интеллектуалдық мұрасын табиғи түрде қалыптасқан, біздің өңірге тән идеологиялық субстанция ретінде атасақ, артық болмайды. Осынау рухани қазынаның бүкіл әлем үшін мән-маңызы зор. Бұл – біртұтас философиялық, идеологиялық мұра. Қазақстан осы идеялық құндылықтарды бағдар етуге және оны жан-жақты дәріптеуге ниетті. Сол үшін «Al-Farabi», «Qoja Ahmet Yasaui» ордендерін мемлекеттік марапаттар тізіміне енгіздік. Бұл жоғары наградалар ғылым мен руханиятты дамытуға айрықша үлес қосқан тұлғаларға, соның ішінде шетелдік ғалымдарға, саяси және қоғам қайраткерлеріне табысталады.

***(Жалғасы 2-бетте).***

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «АЛТЫН ОРДА – ДАЛА ӨРКЕНИЕТІНІҢ ҮЛГІСІ: ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ, МӘДЕНИЕТ, БІРЕГЕЙЛІК» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СИМПОЗИУМДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

*(Соңы. Басы 1-бетте).*

Таяуда ғана елімізге мемлекеттік сапармен келген Түркия Президенті Реджеп Тайип Ердоған «Qoja Ahmet Yasaui» орденінің тұңғыш иегері атанды. Осылайша, біз тарихи тағдыры ортақ туысқан халықтардың келешегі жолындағы ақыл-ой еңбегі мен ырысты ынтымақтың маңызды екенін айрықша атап көрсетеміз.

ЕКІНШІ маңызды мәселе. Меніңше, Алтын Орданың мемлекеттік басқару жүйесін мұқият зерделеу қажет. Жошы ұлысының дәуірлеп тұрған кездегі аумағы 6 миллион шаршы шақырымды алып жатты. Тіпті, Рим империясының ең айбынды кезеңінде мұндай жер көлемі болмаған. Кейбір тарихшылардың пікірі бойынша, Алтын Орданың Дала Римі деп аталуы да – осыдан. Бірақ алып империяның қуаты жерінің көлемінде емес, оның институционалдық негізі, яғни, мемлекеттік басқару жүйесінің мықты болуында еді.

Жошы ұрпақтары Хань немесе Габсбург династиялары секілді ғасырлар бойы, яғни, 600 жылдан астам уақыт Ұлы дала төсіндегі түрлі мемлекеттік құрылымдарға билік жүргізді.

Бұл Жошы ханның ұрпақтары құрған мемлекет жүйесі тұрақты әрі өміршең болғанын көрсетеді. Соның арқасында әртүрлі этнос пен дін өкілдері тату-тәтті өмір сүрді.

Алтын Орда дәуірінде Дала заңы мен ислам құқығының үйлесімді жүйесі қалыптасты. Ал қоғамдық тәртіп қағидатының бастауында Түрік қағанатының құқықтық мәдениеті мен Шыңғыс ханның «Ұлы жасақ» заңы тұрды. Заң үстемдік құрған алып империяның әр тұкпіріндегі адамның және оның мал-мүлкінің қауіпсіздігі толық қамтамасыз етілді. Бұл – қоғамдық тәртіп болды деген сөз.

Бұдан бөлек, Алтын Орда заманында озық іс жүргізу жүйесінің болғаны туралы нақты тарихи деректер бар. Сондай-ақ Құрылтай институты дала демократиясының бірегей үлгісі ретінде қызмет етті.

Ұлыстың әлеуметтік құрылымы айқын әрі тұрақты болса да, қоғамда қатып қалған қағида емес, әділдік басты рөл атқарды. Әскерде және мемлекеттік аппаратта темірдей тәртіпке, мінсіз қызмет пен меритократия қағидасына ерекше назар аударылды. Мұның бәрі алып державаны мекен еткен барлық этнос және түрлі топ өкілдеріне мол мүмкіндік берді.

Осылайша, ұтымды ішкі және сыртқы саясаттың арқасында қоғамда тұрақтылық сақталды, мемлекет те өсіп-өркендеді. Алтын Орда Мысыр мәмлүктерімен, Ватиканмен, Византиямен, Осман империясымен және Еуропа елдерімен тығыз дипломатиялық байланыс орнатты.

Жалпы, тарихта «Ұлы дүрбелең» деген атпен қалған саяси дағдарыс кезінде де Алтын Орданың мемлекеттік басқару жүйесі сыр берген жоқ, яғни, тұрақтылығын сақтап қалды. Бұл жүйені кейін Еуразия аймағындағы көптеген мемлекет басшылыққа алғаны баршаңызға мәлім.

ҮШІНШІ өзекті мәселе. Алтын Орданың экономикалық құрылымын жан-жақты зерттеген жөн. Баршамызға белгілі, ежелгері Месопатамия, Мысыр, Қытай, Үндістан өркениеттері көп жағдайда өзен аңғарларын игеру арқылы қалыптасты. Ал Ұлы дала мүлде басқа тарихи даму жолынан өтті.

Осыдан бес мың жыл бұрын қазіргі Қазақстанның солтүстігінде орналасқан Ботай жерінде адам баласы ең алғаш рет жылқыны қолға үйретті. Бұл әлем тарихына түбегейлі жаңа сипат берген оқиға болды. Атқа міну мәдениетімен қатар дала өркениетінде стратегиялық ойлау қабілеті және мейлінше қолайлы өмір сүру салты пайда болды.

Осылайша, Алтын Орда Еуразияның ұлан-ғайыр даласындағы барлық негізгі көлік, сауда және гуманитарлық байланыстарды бақылауда ұстап, салт атты көшпенділер өркениетінің ең биік шыңына көтерілді. Бұл орайда, көшпенділік пен отырықшылық салтының үйлесім табуы Алтын Орданың тарих сахнасына жарқырай шығуының бірден-бір себебі болды деуге толық негіз бар.

Түптеп келгенде, Алтын Орда көшпенділер өмірін, қаладағы қолөнер мәдениеті мен сауда жолдарын өзара тығыз байланыста дамыту арқылы тұрақты ақша және салық жүйесі бар, экономикасы дамыған ел ретінде қалыптасты.

Көптеген беделді ғалымдардың пікірінше, қазір Алтын Орданың ақша жүйесінде мән-маңызы айрықша жаңалықтар ашылып жатыр. Археологтар осы кезге дейін беймәлім болып келген ондаған тиын сарайын тапты. Мамандардың айтуынша, нағыз өрлеу кезеңінде Алтын Ордада шамамен 28 миллион күміс тиын соғылған.

Қазіргі таңда мемлекеттік және жеке қордағы сол дәуірге тиесілі тиындардың жалпы саны бір миллионға жетеді. Қазақстанның ұлттық валютасы – теңге атауы ұлыстың «данг» сөзінен тамыр тартады. «Деньги» сөзінің түбірі де осы ұғымнан тараған болуы мүмкін. Бұған жай ғана лингвистикалық сәйкестік ретінде қарауға болмайды. Бұл – кең байтақ аймағымызда пайда болған ақша жүйесінің Алтын Орда заманында жасалғанын көрсететін нақты дәлел.

Алтын Орда Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағын түгел бақылауда ұстап, даланы қауіпсіз тасымал дәлізі ретінде дамытты. Жошы Ұлысының аумағы арқылы жыл сайын мыңдаған тонна тауар өтіп жатты. Атап айтқанда: Қытайдан – жібек, Үндістаннан – дәмдеуіштер, Ресей жерінен – тері өнімдері, Еуропадан, Таяу және Орта Шығыс елдерінен – қолөнер бұйымдары тасымалданды.

Алтын Орда сол кезеңдегі көптеген мемлекетке қарағанда өз дамуында стратегиялық ашықтық қағидатына берік болды. Бұл ұстаным қалалардың тұрпатынан да анық байқалды. Себебі ұлыс гүлденіп тұрған заманда қалаларды биік қамалмен қоршап, тұйықтау болған жоқ. Әр қала қарқынды сауда орталығы ретінде адамдардың еркін қозғалысына бейімделіп, дамыды. Бұл тәжірибе дала мен қала арасында қақтығыстар толастамады деген аңыз әңгімелерді түбегейлі жоққа шығарады. Керісінше, осы байланыстар орта ғасырдағы ең оңтайлы мемлекеттілік үлгісінің негізін қалады.

Алтын Орда дәуірінен қалған қалалардың материалдық-мәдени мұралары – соның айқын көрінісі. Ғалымдардың мәліметіне сәйкес, алып империяның құрамында жүзден астам шаһар болған. Алтын Орда дәуірінде қала тұрғындарының тұрмысын жақсарту үшін озық инженерлік тәсілдер қолданылды. Мұны түрлі археологиялық қазба жұмыстарынан анық байқауға болады.

Сол замандағы өндіріс пен құрылыстың қарқынды дамығанын Алтын Ордада жасалған кірпіштердің Ертіс пен Дунай аралығында кеңінен қолданылғанынан аңғаруға болады. Еуразияның түкпір-түкпіріндегі іскер адамдардың сауда жасауына, кәсіппен еркін айналысуына қолайлы жағдай жасалды. Осылайша, Жошы ұлысы алғашқылардың бірі болып жаһандық нарық қалыптастырды. Сол арқылы бүкіл аймақтың өсіп-өркендеуіне жол ашты.

Әрине, мен ұсынған зерттеу бағыттарымен шектеліп қалуға болмайды. Мен сіздер секілді көне дәуірді зерттеп жүрген тарихшы-ғалым емеспін. Қазіргі таңда Алтын Орданың тарихын тек әскери-саяси тұрғыдан бағалаудан аулақ болып, оның рөлін жаңаша пайымдау керек. Бұл – осы бағыттағы ізденістердің аясын кеңейтуге септігін тигізетін бағдар ғана.

Жошы Ұлысының мол зияткерлік және рухани дәстүрі, тиімді басқару институттары мен дамыған экономикасы болды. Осы алып өркениеттің қыр-сырын толық ашу маңызды. Бұл өткенді ғылыми тұрғыдан қайта зерделеу, сондай-ақ, Орталық Еуразия халықтарының мемлекеттілік бастауын, бірегейлігін және ортақ тарихын терең түсіну үшін қажет.

Құрметті ғалымдар және сарапшылар!

Баршаңызға белгілі, Қазақстан соңғы жылдары ауқымды саяси және экономикалық реформаларды жүзеге асырып жатыр. Мұның еліміз үшін аса маңызы және өте жауапты қадам екені сөзсіз. Сондықтан біз алдымызда тұрған міндетті де жақсы түсінеміз: сана өзгермей, қоғам да жаңғырмайды, мемлекет те өркендемейді. Бұл – ақиқат.

Соның ішінде тарихи сабақтастықты сақтау мәселесі аса өзекті. Онсыз ешқандай даму болмайтыны анық. Өткенге құрметпен қарамасақ, жарқын болашаққа қарай бет алу да қиын болмақ. Сол себепті біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарай нық сеніммен қадам басамыз.

Жалпыұлттық референдумда қабылданған жаңа Конституцияда мыңдаған жылдарға созылатын тарихы бар Ұлы дала сабақтастығын сақтау қастерлі парыз екені нақты көрсетілді. Өйткені біз – мемлекет ісінде «Мәңгілік ел» идеясын ту еткен Алтын Орданың тікелей мұрагеріміз. Алтын Орда мұрасы – ұшан-теңіз. Біз осы алып рухани, тарихи қазынаны XXI ғасырға бейімдеп, жаңғырту үшін жүйелі жұмыс жүргізіп келеміз. Менің бастамаммен Қазақстанда Жошы Ұлысын зерделеу институты құрылды. Бұл – осы тақырыпты терең зерттеумен айналысатын тұңғыш ғылыми мекеме. Қазіргі таңда әзірленіп жатқан Қазақстан тарихының академиялық жинағында алғаш рет Алтын Ордаға жеке том арналып отыр.

Жошы Ұлысының мол тарихи-мәдени мұрасын жұрт жадында жаңғырту үшін фильмдер түсіріліп, кітаптар шығарылып жатыр. Сондай-ақ спектакльдер де қойылып, ескерткіштер орнатылып, көрмелер өткізілуде. Алайда Алтын Орданың мән-маңызын терең зерделеп, оның тарихи рөлін жан-жақты насихаттау үшін мүлде жаңа, яғни, халықаралық ауқымдағы жұмыс істелуі қажет.

Мен жақында Түркістанда өткен Түркі мемлекеттері ұйымының саммитінде Дала өркениетін дәріптеуге арналған арнайы орталық құруды ұсындым. Сонымен қатар Алтын Орда мәселесін зерделеп жүрген шетел мамандарын жұмылдырып, баспа саласына қатысты іргелі бастамаларды қолға алу қажет.Креативті индустрия және медиа бағытындағы түрлі жобалар, ең алдымен, академиялық зерттеулерге арқа сүйеуі керек. Жаһандану, жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуірінде көшпенділік, яғни, номадизм тұжырымдамасы туралы жаңаша көзқарас қалыптастыру – өте маңызды. Бүгінде бұл ұғымның сипатын «цифрлық көшпенділердің» жасампаз рухы мен сарқылмас күш-қуатынан айқын көруге болады.

Әділдік, ашықтық және мәдениеттер диалогі – Дала өркениетіне арқау болған құндылықтар. Осы мемлекеттілік дәстүрін жан-жақты зерттеу бүкіл Орталық Еуразияның ұзақ мерзімді дамуына ықпал етері сөзсіз. Қазір бұл аймақ жаңа сипаттағы қайта өрлеу, яғни, ренессанс кезеңіне қадам басты деп айтуға болады.

Біз әлемдегі маңызды геосаяси және өркениет орталығы ретінде өз тарихи миссиямызды қайта жаңғырта бастадық. Бұл үдерісте халықтарымыздың, соның ішінде, өскелең ұрпақтың теңдессіз рухы мен күш-қуаты шешуші рөл атқарады. Соның арқасында қазір біз алдымызға биік мақсаттар қойып, маңызды міндеттерді орындап келеміз.

Сондықтан ата-бабадан қалған мол мұраны қазіргі заманның құндылықтарымен және озық технологиямен ұштастыру – маңызды.

Тарихты зерттеу дегеніміз – өткенмен өмір сүру немесе көнені көксеу емес. Ескіліктің шырмауында қалу – надандық пен қараңғылыққа апаратын жол.

Түп-тамырымызды толыққанды танып-білу арқылы ұлт дамуының көкжиегін кеңейте түсу қажет. Біз осы қағиданы терең түсіне отырып, жаңа Ата заңда мәдени мұраларымызды сақтауға, білім мен ғылымды, инновацияны дамытуға айрықша басымдық бердік. Бұл маңызды жұмысты бастап та кеттік.

Мен бір апта бұрын Жасанды интеллектіні орта білім беру жүйесіне енгізу туралы арнайы Жарлыққа қол қойдым. Баршаңызға белгілі, қазіргі заманауи технология өмірдің барлық саласына түбегейлі еніп, ауқымды өзгерістерге жол ашып жатыр. Бұл үрдіс адамзат болашағына тікелей ықпал етері анық.

Бір сөзбен, озық технология күн сайын аса жоғары қарқынмен дамуда. Бұл – XXI ғасырдың ақиқаты. Біз мұны жақсы түсінеміз. Сондықтан заман талабына тез бейімделе алатын зерделі ұрпақ тәрбиелеуге баса мән беріп отырмыз. Бұл бағытта көптеген бастаманы қолға алып жатырмыз.

Биыл тамызда елімізде ЮНЕСКО-ның қолдауымен жасанды интеллект бойынша халықаралық олимпиада өтеді. Аталған білім додасына 100 елден келетін оқушылар мен студенттер қатыспақ. Бұған қоса, елімізде «Дүниежүзілік көшпенділер ойындары», «Болашақ ойындары» сияқты бірегей жобалар кеңінен дәріптелуде. Сондай-ақ осы жылы күзде Астанада тұңғыш рет AI Film фестивалі өткізілмек.

Біз жаңа цифрлық және көлік дәліздерін, мәліметтерді сақтау орталықтарын ашу үшін жүйелі жұмыс жүргізіп жатырмыз. Сол арқылы Ұлы Жібек жолын жаңаша сипатта жаңғыртып, көне ғасырлардағы әйгілі кітапханалардың заманауи нұсқасын ұсынуға мүмкіндік туады. Бұл, шын мәнінде, дәстүр мен жаңашылдық үйлесім тапқан озық заманның көрінісі болмақ.

Қайталап айтамын: тарихтың дәрістері дамуға бет алған болашақпен ұндескенде ғана өркендеу жолына түсеміз. Бұл орайда, Алтын Орданың сан қилы тарихы мен тағдыры мемлекеттердің күш-қуаты түрлі мәдениеттердің нәтижелі гуманитарлық және саяси серіктестіктің біріңғай жүйесіне біріктіре алуынан көрінетінін еске салады.

Осы стратегиялық бағытты ұстана отырып, Қазақстан түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығын белсенді түрде дамытуды, аймақ елдерінің экономикалық және технологиялық әлеуетін нығайту үшін Еуразия кеңістігіндегі өзара ықпалдастық идеясын жан-жақты ілгерілетуді жан-жақты қолдайды. Мысалы, 2025 жылы ШЫҰ саммитінде «ТрансАлтай диалогы» бастамасын көтердім. Бұл идея Ресейдің «Алтай – түркілердің ата қонысы» тұжырымдамасымен үйлеседі.

Жалпы, тарихтан тартыс құралын жасауға болмайды. Тарих халықтардың арасын жалғайтын алтын көпір ретінде әділетті әрі қауіпсіз әлем құруға ықпал етуі қажет. Сол үшін ортақ мүдде жолында күш біріктіріп, бірлесе әрекет етуіміз қажет. Бұл мәселеде ғылыми қауымдастық айрықша рөл атқаратыны анық.

Бүгінгі жиында айтылатын салмақты ойлар мен ұтымды ұсыныстар жаңа ғылыми еңбектерге, халықаралық жобалар мен экспедицияларға негіз болатыны сөзсіз. Біз бұл симпозиумды тұрақты түрде өткізуді жоспарлап отырмыз.

Сіздер алдағы уақытта да осы маңызды жұмысқа мол үлес қоса бересіздер деп ойлаймын. Баршаңызға тағы да зор алғыс айтамын. Шын мәнінде, бүгінгі симпозиумның тарихи мәні айрықша. Осы маңызды жиынның қорытындысы бойынша арнайы қарар қабылданады. Бұл құжат Алтын Орданың тарихы мен мұрасын зерттеу жұмысына тың серпін береді деп сенемін. Еңбектеріңіз жемісті болсын!

# Үкімет инфрақұрылымды, сервис пен техниканы жаңарту бойынша жұмысты күшейтеді

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында авиация саласын дамыту және цифрландыру мәселелері қаралды. Жиында көлік министрі Нұрлан Сауранбаев, көлік вице-министрі Гүлзат Көбенова, Қазақстанның авиациялық әкімшілігінің басшысы Майкл Дэниел, сондай-ақ Air Astana, TransInfoTech компанияларының, Жалпы мақсаттағы авиация пилоттары қауымдастығының және Шығыс Қазақстан, Павлодар, Маңғыстау және Қостанай облыстары әкімдіктерінің басшылығы баяндама жасады.

Премьер-министр Мемлекет басшысы елімізді көлік-транзиттік әлеуетін дамытуға ерекше назар аударатынын атап өтті.

«Мемлекет басшысы біздің алдымызға Қазақстанды өңірдегі жетекші авиациялық хабқа айналдыру туралы стратегиялық міндет қойды. Аталған мақсатқа жету үшін қолданыстағы әуежай инфрақұрылымын жаңғырту, отандық және халықаралық әуе компанияларына қолайлы жағдай жасау бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Үкіметте қабылданған шаралар аясында әуе кемелерінің паркі мен ұшу географиясы кеңейіп келеді. Цифрлық шешімдер, соның ішінде жасанды интеллект технологиялары белсенді түрде енгізілуде. Премьер-министр Көлік министрлігі қажетті инфрақұрылымды, сервис пен техниканы үнемі жаңартып, нарық пен технологияларға әрдайым талдау жүргізіп отыруы тиіс екенін атап өтті.

Авиатасымалдардың жаһандық өсуі жағдайында отандық авиация саласын дамыту перспективаларына ерекше назар аударылды. Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ICAO) стратегиялық жоспарына сәйкес, 2050 жылға қарай жолаушылар саны жылына 12 млрд-тан асады, ал коммерциялық ұшақтардың әлемдік паркі 2034 жылға қарай екі есеге артады. Осыған орай Қазақстан әлемдік авиацияның жаһандық жүйесіне ене отырып, өз орнын иеленуі қажет екені атап өтілді.

Тиісті ведомствоға жаңа халықаралық бағыттарды, атап айтқанда, Еуропалық Одақ елдері мен АҚШ-қа рейстер ашу жұмысын жеделдету қажеттігі, сондай-ақ билет бағасы бәсекеге қабілетті болуы тиіс екені айтылды.

Астанадан ұшатын халықаралық әуе бағыттарына ерекше назар аударған жөн. Осыған орай Көлік министрлігіне Air Astana компаниясымен бірге осы жылдың соңына дейін елордамыздан Токио мен Нью-Йоркке, ал 2027 жылы – Астанадан Лондон, Париж, Рим, Вена сияқты Еуропа елдерінің астаналары мен басқа да қалаларына тікелей әуе қатынастарын ашу тапсырылды. Премьер-министр инвесторлар мен туристер тартуда бұл өте маңызды мәселе екенін атап өтті.

Үкімет Қазақстанға шетелдік әуе компанияларын әкелу, сондай-ақ транзиттік жүк рейстерінің санын арттыру мақсатында авиаотын бағасын барынша тиімді етті. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында елімізде жүк тасымалдайтын отандық әуе компаниясын құру жобасы жүзеге асырылуда. Биыл қазан айында алғашқы жүк борты Қазақстанға жеткізілуі тиіс. Көлік министрлігі осы мәселені ерекше бақылауда ұстау тапсырылды.

Сонымен қатар еліміздің авиация саласын одан әрі дамыту үшін кадрлық әлеуетті күшейту қажеттігін атап өтілді. саланы табысты дамыту үшін білікті мамандар қатарын айтарлықтай ұлғайту қажет. Ғылым және жоғары білім министрлігіне Көлік министрлігімен бірлесіп, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін авиациялық оқу орталығын құру бойынша шаралар қабылдау тапсырылды. Азаматтық авиация академиясы жаңа деңгейге көтеріліп, сертификатталған және әлем мойындайтын мамандарды дайындауы қажет. Шағын және өңірлік авиация үшін кадрларды даярлау кезінде авиация саласындағы қолданыстағы оқу орталықтарын пайдаланған жөн.

Сондай-ақ ел ішіндегі коммерциялық тасымалдарға түсетін жүктемені азайтуға және азаматтардың қозғалысын ыңғайлы етуге мүмкіндік беретін шағын авиацияны дамыту қажет. Сонымен қатар Көлік министрлігі мен Қазаэронавигацияға қазірден бастап әуе көлігінің барлық түрін басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесін құру тапсырды.

Отырыс қорытындысы бойынша Премьер-министр мемлекеттік органдарға бірқатар тапсырма берді.

Бірінші. Көлік министрлігі осы жылдың соңына дейін Азаматтық авиацияны дамытудың 2050 жылға дейінгі мастер-жоспарын (CAMP-2050) бекіту жөнінде шаралар қабылдауы қажет.

Шағын және өңірлік авиацияны, пилотсыз әуе көлігін дамыту, сондай-ақ жаңа баламалы отынды пайдалану мен сақтаудың озық технологияларын енгізу шаралары міндетті түрде көзделуі тиіс.

Екінші. Еуропадағы EASA және АҚШ-тағы FAA сияқты әлемдік реттеушілер коммерциялық аэро-такси аппараттарын сертификаттау қағидаларын әзірледі.

Аэро-такси, дрондар мен басқа да ұшу аппараттарының жаңа түрлерін іске қосуға дайын болу керек.

Көлік министрлігі биылғы маусым айының соңына дейін қалалық әуе ұтқырлығы (UAM) мәселелері бойынша қажетті заңнамалық түзетулерді қабылдауды қамтамасыз етуі керек.

Үшінші. Шығыс Қазақстан, Маңғыстау, Қостанай, Павлодар облыстарының әкімдіктері белгіленген мерзімдерді қатаң сақтай отырып, Катонқарағай, Зайсан, Кендірлі және Арқалық әуежайларын биыл уақтылы пайдалануға беріп, сондай-ақ Павлодардағы әуежайды жаңғырту жұмыстарын аяқтауы қажет.

Жалпы алғанда, Көлік министрлігі әуе компанияларымен және әуежай қызметтерімен бірлесіп, өсіп келе жатқан жолаушылар ағынына сапалы, жайлы әрі жедел қызмет көрсетуді қамтамасыз ету бойынша тұрақты жұмыс жүргізуі керек.



## Мемлекет басшысы Алтын Орда мұрасына арналған тақырыптық көрмемен танысты

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Алтын Орда тарихына қатысты археологиялық, жазба және мәдени жәдігерлер қойылған экспозицияны аралап көрді.**

Мемлекет басшысына 70 археологиялық және сәулеттік ескерткішті қамтитын интерактивті карта, соның ішінде 17 нысанға кеңейтілген сипаттама, әуеден түсірілген фотосуреттер мен 3D-визуализация көрсетілді.

Көрмедегі негізгі жәдігерлердің бірі – дәуір билеушілері мен тарихи тұлғалар туралы генеалогиялық мәліметтерді қамтитын «Хандар шежіресі» атты қолжазба. Сонымен қатар Каталон атласы, жазба деректер, теңгелер және тұрмыстық бұйымдар бар. Жазба мұралар арасында 3 жарлық, 4 дипломатиялық хат пен 21 қолжазба түпнұсқа және электронды форматта ұсынылған.

Көрменің мақсаты – Алтын Орданың тарихи-мәдени мұрасын жан-жақты насихаттау және оның ғылыми зерттеу аясын кеңейту.

# Бір ауылда екі бірдей әлеуметтік нысан жаңарды

**Еськелді ауданы Елтай ауылында қос бірдей әлеуметтік нысан жаңарды. Атап айтқанда, С. Сейфуллин атындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар орта мектептің күрделі жөндеуі аяқталса, медициналық қызмет көрсетуге арналған дәрігерлік амбулатория жаңадан салынып, қолданысқа берілмек. Ескелді ауданына барған жұмыс сапары барысында облыс әкімі Бейбіт Исабаев аталған нысандарда болды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**



Елтай ауылындағы С. Сейфуллин атындағы орта мектеп 1986 жылы салынған. Мұндағы құрылыс жұмыстары өткен жылдың мамыр айында басталған болатын. Бүгінгі күнде дайындық деңгейі – 95 %. Қазір жұмысшылар кабинеттерді, дәліз бен фойені тазарту жұмыстарын атқарып жатыр.

Мектеп директоры Венера Толымбекова ғимараттың жөндеуден кейінгі ішкі жағдайымен таныстырып, нысанның алдағы жұмысы туралы баяндады.

Облыс әкімі ғимаратты аралап көріп, сыртқы абаттандырылу жұмыстарының жоспары жайлы сұрап білді. Жауапты тұлғаларға аумақты көгалдандыруға, көк шөп, отырғызып, оны суаруда сауатты көзқарас қажет екенін айтты. Алдағы уақытта мұндай үлкен мектептердегі құрылыс жұмыстарын жобалау кезінде жасыл желегін күтіп-баптауға автоматты суару жүйесін жобада бірге қарастыру керектігін тиісті басқармаларға ескертті. «Жөндеу жұмыстарын сапалы аяқтап қана қоймай, білім ошағының айналасында балаларға, ата-аналарға, педагогтар үшін ыңғайлы, қауіпсіз әрі әдемі орта қалыптастыру да маңызды», - деді Б. Исабаев.

Мұнан соң облыс әкімі Елтай ауылында жаңадан салынған ауылдық дәрігерлік амбулаторияға барды. Бұған дейін мұндағы медициналық нысан ескі ғимаратта отырған. Сондықтан жаңа нысанның салынуы тұрғындар үшін қуанышты жаңалық болып отыр.

Ғимарат барлық қажетті медициналық құралдармен жабдықталған. Мұнда 1 дәрігер, 5 медбике, 1 акушерка, басқа да мамандарды қосқанда жалпы саны 13 адам жұмыс істейді. Сондай-ақ күндізгі стационар қарастырылған. Соның арқасында жергілікті халық бұрынғыдай аудан орталығына сабылудың машақатынан құтылмақ.

Ауыл тұрғыны Нұртай Қайырбаев жаңа амбулаторияның жанында тұрады. Ол тұрғындардың атынан ауылдағы мәселелерге көңіл бөлінгеніне ризашылығын білдірді.

Нысандағы жұмыс кабинеттерін аралап көрген облыс әкімі құрылыстың сапасына оң баға берді. Алдағы уақытта ғимаратты табиғи газға қосу қажеттігін, ал қатты отынмен жылыту жүйесі баламалы жылу көзі ретінде сақталып тұрғаны жөн екенін айтты. Сондай-ақ ауланы абаттандыру жұмыстарына ерекше назар аударуды тапсырды. Нысан қолданысқа дайын.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**
**Суретті түсірген: Дмитрий ЕРОФЕЕВ.**

*●Жетісу облысына – 4 жыл*

# 4 қазандық іске қосылып, 1 мың шақырымнан астам су құбыры, жылу және электр желілері жаңартылды

**Жетісу облысы құрылғаннан бері өңірде Үштөбе, Үшарал, Талдықорған қалалары мен Балпық би ауылында жылу көздерін салу және қайта жаңғырту бойынша 4 жоба іске асырылды. Ал биыл Талдықорған қаласында тағы бір жаңа көшеішілік қазандық пайдалануға беріледі. Сондай-ақ осы кезеңде мың шақырымнан астам су құбыры, жылу және электр желілері жаңартылып, олардың тозу деңгейін төмендетуге мүмкіндік туды. Әлеуметтік саладағы 35 нысан газға көшірілді, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

Атап айтқанда, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының мәліметінше, 2022–2025 жылдары Жетісу облысында Балпық би және Қарабұлақ ауылдарында, сондай-ақ Талдықорған, Текелі, Үштөбе және Үшарал қалаларында 33,8 шақырым жылу желілеріне жөндеу жұмыстары жүргізілді. Соның нәтижесінде жылумен жабдықтау желілерінің тозу деңгейі 45%-ға дейін төмендетілді.

2026–2027 жылдардағы жылыту маусымына дайындық аясында 10,4 шақырым жылу желілерін жөндеу жоспарланып отыр. Жоспарланған жұмыстар нәтижесінде жылу желілерінің тозу деңгейін 42%-ға дейін төмендету көзделген.

Бұдан бөлек, облыс орталығын жылумен қамтамасыз ететін негізгі жылу көзі саналатын «Басқуат» жылу қазандығына түсетін жүктемені азайту бағытындағы шаралар да жалғасып жатыр.

Сөйтіп 2025–2026 жылдардағы жылыту маусымына дайындық аясында екі қазандыққа күрделі жөндеу жүргізіліп, 5,3 шақырым жылу желілері жөнделді. Ал 2026 жылға тағы екі қазандықты күрделі жөндеуден өткізу, 5,5 шақырым жылу желілерін жөндеу, сондай-ақ Ұлттық жоба аясында 4,9 шақырым магистралды желілерді қайта жаңғырту бойынша екі жобаны іске асыру жоспарланған. Соның нәтижесінде биылғы жылдың қорытындысы бойынша Талдықорған қаласындағы жылу желілерінің тозу деңгейін 51%-ға дейін төмендету көзделіп отыр.

Сонымен қатар жеке инвестициялар есебінен «Басқуат» жылу қазандығы базасында электр қуаты 84 МВт және жылу қуаты сағатына 70 Гкал болатын газтурбиналық станцияның құрылысы жүргізілуде. Жобаның бірінші кезеңі толық аяқталды. Екінші және үшінші кезеңдерін іске асыру 2026–2027 жылдарға жоспарланған. Жоба жүзеге асқан жағдайда қазандыққа түсетін жүктеме шамамен қосымша 50%-ға төмендейді.

Бұдан бөлек, көпқабатты тұрғын үйлер мен әлеуметтік сала нысандарын газбен жылыту жүйесіне көшіру жұмыстарын жүйелі жүргізу де маңызды бағыттардың бірі болып отыр.

Осылайша, 35 көпқабатты тұрғын үйге 14 блокты-модульді қазандық орнатылып, соның арқасында 1650-ден астам абонент қауіпсіз әрі тұрақты жылумен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар 2022 жылдан бері әлеуметтік саладағы 35 нысан газбен жылыту жүйесіне көшірілді.

Атап өтсек, жылумен жабдықтаудың сенімділігін арттыруға, экологиялық ахуалды жақсартуға және тұрғындар мен әлеуметтік мекемелер үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған жұмыстар өңір басшылығының тұрақты бақылауында.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

# Бұлақ көрсең - көзін аш

**«Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ аумағында табиғатты қорғау мен экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында және «Таза Қазақстан» жалпы ұлттық акциясы шеңбері аясында «Бұлақ көрсең – көзін аш» атты экологиялық акция өткізілді. Іс-шараға мемлекеттік инспекторлар белсенді түрде қатысты. Аталған шараның негізгі мақсаты – табиғи су көздерін қорғау, бұлақтардың арнасын тазарту, қоршаған ортаның тазалығын сақтау және халық арасында табиғатқа деген жанашырлық көзқарасты қалыптастыру.**




Қазақ халқы ежелден бұлақты қасиетті деп танып, «Бұлақ көрсең – көзін аш» деген нақыл сөзді ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіп қалдырған. Себебі бұлақ – тіршіліктің көзі, табиғаттың адамзатқа берген баға жетпес байлығы. Осы дәстүрді жалғастыру мақсатында ұйымдастырылған акция барысында қатысушылар бұлақ көздерін ашып, айналасын күл-қоқыстан тазартты. Сонымен қатар, су жүретін арналарының бітелген жерлері аршылып, табиғи су ағысының қалыпты жүруіне жағдай жасалды.

Экологиялық шара барысында қатысушылар табиғатты қорғау жұмыстарының маңыздылығы жөнінде пікір алмасып, қоршаған ортаны таза ұстау – әр азаматтың міндеті екендігін атап өтті. Бұлақ маңындағы құрғақ шөптер мен сынған бұтақтар жиналып, аумақ толықтай тазартылды. Мұндай жұмыстар табиғи ортаның экологиялық жағдайын жақсартып қана қоймай, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің сақталуына да оң әсерін тигізеді.

Инспекторлардың айтуынша, бұлақтардың тазалығы – аймақтың экологиялық ахуалының маңызды көрсеткіштерінің бірі. Сондықтан табиғи су көздерін сақтау, олардың ластануына жол бермеу – баршаға ортақ міндет. Осындай табиғатты қорғауға бағытталған акциялар қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға үндеп, халықтың экологиялық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді. «Бұлақ көрсең – көзін аш» акциясы табиғатты аялаудың, туған жерге қамқорлық жасаудың және қоршаған ортаны қорғаудың жарқын үлгісіне айналды.

**А.НУРГОЖАНОВ,**
**Аманбөктер орманшылығының мемлекеттік инспекторы.**

## Карагана гривастая: растение с лечебным потенциалом



Жетысуский Алатау богат редкими и ценными растениями, многие из которых обладают лекарственными свойствами. На территории Жонгар-Алатауского государственного национального природного парка ученые продолжают изучать виды, которые могут представлять интерес для современной медицины.

Одним из таких растений является Caragana jubata — необычный колючий кустарник, произрастающий в высокогорных районах Жетысуского Алатау. Растение встречается на каменистых склонах и в горных степях на высоте более 2500 метров над уровнем моря. Летом карагана покрывается светлыми цветками, а ее густые ветви образуют плотные колючие заросли.

В народной медицине стран Центральной Азии карагану издавна использовали как общеукрепляющее средство, а также при нарушениях кровообращения и обмена веществ. Сегодня интерес к этому растению проявляют и ученые. Исследования показывают, что карагана содержит флавоноиды и другие биологически активные вещества, обладающие антиоксидантными и противовоспалительными свойствами.

Специалисты также изучают возможное применение растения при сахарном диабете и заболеваниях нервной системы. Некоторые соединения, обнаруженные в карагане, способны защищать нервные клетки и участвовать в регуляции обменных процессов организма.

Несмотря на перспективные результаты, карагана гривастая пока остается малоизученным видом. Ученые считают, что дальнейшие исследования лекарственных растений Жонгар-Алатау помогут не только лучше изучить природное богатство региона, но и открыть новые возможности для создания препаратов природного происхождения.

**Ю.СТЕПАНОВА,**
**сотрудник отдела науки РГУ «Жонгар-Алатауский» ГНПП.**

## "Жоңғар Алатауы" МҰТП-дегі орман қорғауы: ТАБИҒАТПЕН ЖАНАСАТЫН САҚШЫЛАР

**Жоңғар Алатауының алаңдарындағы жемістерін, жасыл желекті ағаштарын қорғау – күрделі әрі жауапты іс. Орман зиянкестері мен патологиялық аурулардан қорғау жұмыстары табиғаттың тепе-теңдігін сақтауға бағытталған. "Жоңғар Алатауы" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі (МҰТП) аумағында әр жыл сайын арнайы зерттеу жұмыстары жүргізіледі.**

Орман патологиялық зерттеу жұмыстары – орман ресурстарының денсаулығын бақылаудың негізгі құралы. Бұл жұмыстар орманды зиянкестер мен аурулардан уақытылы қорғауға, өсімдіктердің сапасын арттыруға және табиғат теңдестігін сақтауға мүмкіндік береді .

**Зерттеу барысында:**

•Орман энтомологиясы бойынша насекомдар тізімі жасалады

•Орман патологиясы әдістерімен тексеру жүргізіледі

•Ағаштардың денсаулық жағдайы бақыланады

•Санитарлық кесу жұмыстары жоспарланады

Табиғатты қорғау – болашақ ұрпаққа мұра. Әрбір ағаштың өмірі – біздің ортамыздың денсаулығы.

**Зиянкестерді анықтау әдістері**

Ағаштарды зерттеу кезінде арнайы әдістер қолданылады. Зиянкестерді анықтау үшін:

•Визуалды тексеру

•Арнайы құралдармен тексеру

•Энтомологиялық зерттеулер жүргізу

•Деректерді талдау

Бұл жұмыстар арқылы орман экожүйесінің толыққанды қорғалуы қамтамасыз етіледі .

Паркте жануарлар дүниесін қорғау және өсімін көбейту бөлімі жұмыс істейді. Олардың негізгі мақсаты – парк аумағын қорғау және табиғаттың тепе-теңдігін сақтау.

Мерекелік іс-шаралар мен экологиялық ағарту жұмыстары да ұйымдастырылып, халықтың экологиялық мәдениетін арттыруға үлес қосылады .

Орман зиянкестері мен аурулардан қорғау жүйесі – табиғатты қорғаудың негізгі құралы. "Жоңғар Алатауы" МҰТП-дегі зерттеу жұмыстары арқылы табиғаттың қорғалуы қамтамасыз етіліп, болашақ ұрпаққа сапалы экологиялық мұра қалады.

Орман – біздің ортамыз, оны қорғау – әрқайсымыздың міндетіміз. Әрбір ағаштың өмірі біздің табиғатқа деген қамқорлығымыз бен жауапкершілігіміздің көрсеткіші.

**Н.ТӨЛЕУХАН,**
**Аманбөктер орманшылығының №13 айналым мемлекеттік инспекторы.**

## Парк аумағындағы Тянь-Шань қоңыр аюының таралу аумағы



«Жоңғар Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» Сарқан филиалы – табиғаты көркем, биоалуантүрлілігі бай өңірлердің бірі. Осы аумақта мекендейтін сирек әрі айрықша жануарлардың бірі – Тянь-Шань қоңыр аюы. Бұл аң – таулы аймақтардың экожүйесінде маңызды рөл атқаратын, табиғаттың тепе-теңдігін сақтаушы ірі жыртқыш.

Тянь-Шань қоңыр аюы  қоңыр аюдың таулы өңірлерге бейімделген түр тармағы. Ол негізінен қылқанжапырақты және аралас ормандарда, субальпілік шалғындарда, өзен аңғарлары мен шатқалдарда тіршілік етеді. «Жоңғар Алатауы МҰТП» Сарқан филиалының аумағында аюлар көбіне адам аяғы сирек басатын, қорегі мол, табиғи паналау орындары жеткілікті жерлерді мекендейді.

Аю – талғампаз емес жануар. Оның қорегі маусымға байланысты өзгеріп отырады. Көктемде – жас шөптер мен тамырлар, жазда – жидектер мен жәндіктер, кейде ұсақ жануарлармен қоректенеді. Күзде қысқы ұйқыға дайындалу үшін мол қор жинап, семіреді. Қыс айларында апандарында ұйқыға кетеді.

Тянь-Шань қоңыр аюы табиғи ортада баяу көбейетін жануарлардың қатарына жатады. Аналық аю 2–3 жылда бір рет қана қонжықтайды. Сондықтан олардың саны табиғи және антропогендік факторларға тәуелді. Заңсыз аңшылық, мекен ету ортасының тарылуы, орман өрттері мен адам факторлары аю санына кері әсер етеді.

«Жоңғар Алатауы МҰТП» Сарқан филиалы аумағында жануарлар дүниесін қорғау және биологиялық алуантүрлілікті сақтау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Инспекторлар тұрақты рейдтер ұйымдастырып, браконьерлікке қарсы күреседі. Сонымен қатар ғылыми мониторинг жұмыстары арқылы аюлардың таралу аймағы, саны және тіршілік ерекшеліктері зерттелуде.

Тянь-Шань қоңыр аюы – тек жыртқыш аң ғана емес, ол – таулы табиғаттың символы. Оның сақталуы – тұтас экожүйенің сақталуы деген сөз. Табиғатты қорғау – әрбір азаматтың ортақ міндеті. Жоңғар Алатауының баурайында еркін тіршілік етіп жүрген қоңыр аю – келер ұрпаққа аман жетуі тиіс баға жетпес табиғи мұра.

**Қ. САТЫЛГАНОВ,**
**«Жоңғар алатауы МҰТП РММ» Сарқан филиалының ғылыми қызметкері.**

# ОРМАНДЫ ҚОРҒА

**Орман — табиғаттың бізге берген ең бағалы сыйы. Оны жиі «планетаның өкпесі» деп атайды, өйткені ормандар біз тыныс алатын ауаны тазартып, оттегімен байытады. Алайда, бүгінгі таңда ормандардың жай-күйі ерекше назар мен шынайы қамқорлықты қажет етеді.**

Орманның адамзат үшін маңызы тек ағаштардың жиынтығы емес, ол — күрделі экожүйе. Оның пайдасы ұшан-теңіз. Ормандар көмірқышқыл газын жұтып, жаһандық жылынудың алдын алады.Мыңдаған аңдар мен құстардың, жәндіктер мен өсімдіктердің мекені. Топырақтың ылғалдылығын сақтап, өзен-көлдердің тартылып кетпеуін қадағалайды.



**Орманға қалай қамқорлық жасау керек?**

Орманды қорғау үшін міндетті түрде эколог болу шарт емес. Әрбір адам күнделікті өмірде қарапайым ережелерді сақтау арқылы үлкен үлес қоса алады:

**Өрт қауіпсіздігін сақтау:** Ормандағы өрттің көбі адамның салғырттығынан болады. Сөндірілмеген сіріңке немесе от жағу — тұтас бір орманның жойылуына әкеп соғуы мүмкін.

**Қоқыс тастамау:** Пластик, шыны және басқа да қалдықтар жүздеген жылдар бойы шірімейді. Сонымен қатар, шыны сынықтары күн сәулесінен линза эффектісін жасап, өртке себеп болуы ықтимал.

**Ағаштарды зақымдамау:** Жас көшеттерді сындырмау, ағаш қабығына жазу жазбау — бұл мәдениеттіліктің белгісі.

**Қағазды үнемдеу:** Қағазды қайта өңдеуге тапсыру немесе үнемді пайдалану арқылы біз мыңдаған ағаштың кесілуін тоқтата аламыз.

Табиғат — ата-бабамыздан қалған мұра емес, ол келешек ұрпақтан алған қарызымыз. Орманға қамқорлық жасау — өз болашағымызға, балаларымыздың таза ауамен тыныс алуына жасалған қадам. «Бір ағаш кессең, он ағаш ек» деген даналықты ұран етіп, табиғатты аялауды әрқайсымыз өз-өзімізден бастауымыз қажет. Орманды сақтау — Жер бетіндегі тіршілікті сақтаумен бірдей.

**Е.АБДУЛЛАЕВ,**
**Сарқан Орман тұқымбағының мемлекеттік инспекторы.**



# Тектіден текті туады

**Бөрлітөбе өңірінде білім нәрін сепкен зиялы азамат Дәуренбекұлы Арынның айқын ізі қалған. Ауданның оқу-ағарту ісін басқарған азамат сонау 37-нің зұлматында жазықсыз жала арқалап кеткен. Сол Арынның ұрпағы Мұхтар әкесінің інісі Ғалидың баласы болып жазылып, зауалды жылдардан аман шығып қана қоймай, елдің, жердің атын шығарған ғалым атанды.**

Арын Мұхтар Ғалиұлы - қоғам және мемлекет қайраткері, қазақтың біртуар азаматы, ағартушы ғалым, ұстаз. 1936 жылы қазіргі Алматы облысы Ақсу ауданының Ақсу ауылында дүниеге келген. Бақалы ауылында мектепке барып, 1953 жылы орта мектепті және 1957 жылы Алматы Шет тілдер институтын үздік бітіргеннен кейін осы ұжымда қызметке қалдырылып, өзінің еңбек жолын бастаған. Алғашында оқытушы, одан кейін филология ғылымының кандидаты, Шет тілдер институтында тұңғыш ашылған неміс тілі грамматикасы кафедрасының меңгерушісі болған. 1974-1981 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогика институтында проректор, 1981-1983 жылдары Қазақ КСР Білім министрлігінде педагогикалық жоғары оқу орындары бөлімін басқарған. 1983 жылы шілдеде Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогика институтының ректорлығына жіберіліп, өмірінің соңына дейін осы қызметте болған.

1994 жылдың жазы. Бөрлітөбе ауданын елге белгілі тәжірибелі басшы Асылмұрат Тұрғанбеков басқаратын. Бір күні ауданға Мұхтар Арын келді. Жалғыз емес, отбасымен. Егіз ұлдары Ерлан мен Нұрлан жанында. Осы сапардан бір-ер күн бұрын Көктерек ауылындағы орталық көшеге Арын Дәуренбекұлының есімін беру туралы шешім шыққан. Бұл кісі репрессияға ұшырағанша Бөрлітөбеде, Көктеректе оқу бөлімін басқарған екен.

Аудандық «Балқаш өңірі» газетінің редакторы ретінде мәртебелі меймандармен бірге жүрдік. Сол күні Мұхтар аға ауыл адамдарымен емен-жарқын әңгімелесті. Елдің жай-күйін жете білгісі келді. Әке есімін еншілеген орталық көшемен жаяу жүрді. Қос ұлын ертіп Көктерекке кіре берістегі Лепсі өзенінің жағасында ойланып тұрған сәті әлі көз алдымда.

Келер жылдың қыркүйегінде Мұхтар аға бақилық сапарға аттанды. Ақтөбе жұртының азалы күн жариялап ұшаққа шығарып салғанынан, Талдықорған азаматтарының әуежайдан күтіп алып, қаралы шерумен денесін атақонысы Бақалыға әкелгеннен хабардармыз. Кейіннен қызмет бабымен Сарқанға келгенде Бақалыдағы Мұхтар аға кесенесіне арнайы барып тәу еттім. Туғанына 70 жыл толуына орай ұрпақтары Бақалыда ас берді. Сол шараның жүйелі өтуіне үлес қосып, асын жүргізіп, жұртшылыққа аға рухына арнаған өлеңімді жеткізген болатынмын:

Керек еді жұртыма мына тұлға,



Анықтауыш қажет пе шын асылға?  
Біз жоғалттық түп-тұнық тазалықты,  
Тектілерді күндестік құлатуда.

Танымады тұлғаны тасыр заман,  
Бере алмадық кезінде асылға мән.  
«Бес анықты» айшықтап дарын өтті,  
Ақша, билік, мансапқа бас ұрмаған.

Тіл мен Ділім-бойымда  
қос тамырым,  
Дәстүр, Тарих-мәңгілік асқақ ұғым.  
Атамекен-ардағым баға жетпес,  
Бес анық деп үйретті ол  
астары мың.

Тарланбозым барында елендік көп,  
«Керек жерде табылған кемелдік»  
деп,  
Әбіш абыз Кекілбай бағалаған.  
Мұхаң сепкен асыл дән өнер  
құт боп.

«Есімде барлық мінез, бар қылығың,  
Ақ пейіл адалдығың, арлылығың».  
Дейді дегдар Қуандық Шаңғытбаев,  
Біртуардан өнеге қалды бүгін.

Үлкен жүрек беймезгіл  
тоқтай қалды,  
Кермемізге иесіз ат байланды.  
Ертай ақын аһ ұрып көңіл айтты:  
«Жылы Ағыс аяқ асты  
ақпай қалды».

Кеткен кетті десек те, өткен өтті,  
Ұмытпауға өткенді ес керек ті.  
94-тің жазында Мұхаң келген,  
Бағытқа алып Лепсіні, Көктеректі.

Көрсек деумен дананы берген үлгі,  
Топырақтан осынау өнген ұлды.  
Жұрт жиналды сол күні Көктерекке,  
Өрнектейін өлеңмен көргенімді.

Әке жәйін толғап сыр жасырмады,  
Ісі өнеге қос ұлға қасындағы.  
Көктеректің көшесі тұрды толқып,  
Дәуренбектің Арыны атындағы.

Енді, міне, Мұхаңның әр ісі арман,  
Ер өлмейді уақытпен жарыса алған.  
Әке ізінен бір елі қалмай сонда,  
Ерлан, Нұрлан адамдық  
дәріс алған.

Екеуі енді елінің назарында,  
Келе жатыр кірлетпей таза арын да.  
«Тартпай қоймас негізге»  
деген сөзді,  
Есіме алдым естелік жазарымда.

Тұлға еді-ау қазаққа танымалы,  
Жадымызда жазулы: бәрі, бәрі...  
Сағы сынған сәттерде естимісіз,  
Аға, сізді қалың ел сағынады.

Керек еді жұртыма мына тұлға,  
Анықтауыш қажет пе шын асылға.  
Біз табыстық мәңгілік тектілікпен,  
Ғалым хаты өлмейді расында!

Ана жылдары қайраткер-қаламгер Кәкімжан Қазыбаевтың рухына арнап, туған жер төсінде еске алу шаралары өтті. Орынша апаймен бірге Мұхтар ағаның зайыбы Райхан апай да жерлестерінің ортасында марқайып қалды. Алматыдан келген зиялы қауым сол күні Мұхтар Арынның кесенесіне зиярат етіп, құран оқытты.

-Менің негізгі қызметім дәрігер. Ал Мұқаң неміс тілінің маманы. Берлинге де барып, ғылыми тақырыбына материал іздеді. Докторлық жұмысын 1980 жылдары Мәскеуде қорғады. Қазақ балаларына арнап неміс тілі кітабын жазды,-дейді Мұхтар Арынның жары Райхан апай. -Мұқаң – қазақ халқының асыл перзенттерінің бірі еді. Небәрі 59 жасында өмірден өтті. Аз ғұмыр кешсе де, артында аты мен абыройы қалды, еліне сіңірген еңбегі қалды. Мұқаңның пір тұтқан адамы – Абай еді. Тұңғыш немересінің атын да Абай деп қойған өзі. «Абай атасы сияқты болсын деп атын қойдым…» деп, немересі не істесе де, «әй, жарайсың!..» деп мақтап қоятын. Мұқаң кейіннен құран оқитын болды. Сонда Абай алдында отырады, кіп-кішкентай болып, көздері бақырайып…

Мұқаңның туған жері – Сарқан, бірақ өмірінің соңғы жылдары Ақтөбеде өтті, Ақтөбеде мектеп ашты, Есет батырдың, бірқанша аталардың басын қарайтты. Ақтөбе педагогика институтының ректоры болып жүрген кезінде университет статусын алып беруге қаншама жүгірді, университет атағын бере қоймады деп қатты уайымдады. Ақтөбе қаласы үшін көп тер төкті. Тіпті халық «Ақтөбенің Абайы» деп атайтын көзі тірі кезінде-ақ…

Райхан апай осылай дейтін отбасының емес бүкіл қазақтың ардақтысына айналған асыл жары жөнінде. Адамгершілік, izettік, сыпайылылық сынды қабілет-қасиетімен өнегелі өмір сүріп келе жатқан апай өмірден өткенше Мұхтар аға ұрпағының көкейіне ізгі қасиеттерді сіңірді. Қайтыс болғанына қаншама жылдар өтсе де жерлестері, ұрпақтары биік тұлғаның рухына тағзым етеді. Денесі атақонысы Бақалы ауылында жатыр. Жылда басына барып құран бағыштайтындар қатары толастамайды. Жақсының жары да келмеске кеткенімен ізгі нұры ұрпақтарының көкейінде шұғыла шашып тұрады.

Осындай текті тұлғаның ұлдары – Ерлан, Нұрлан, Абай және ізетті де тәрбиелі қыздары – Хорлан, Жанна. Бүгінгі күні Ерлан мен Нұрлан әке-шешесі ұйтқы болған отбасылық өмір сүру үлгісіне сәйкес Ризат, Шәрбану сынды жар таңдап, балалы-шағалы, үбірлі-шүбірлі болып отыр. Ерлан мен Нұрлан егіз қозыдай әке-шешесінің өмір сүру салттарынан ғибрат алып, мән-мағынасын сіңіріп, өмірлік үлгіге айналдырып отырғанын білеміз. Асыл ойлы адамның ұрпағы болғандықтан екеуі де өмірдің күрделі жолын таңдаған.

Ерлан Мұхтарұлы – еліміздің білікті ғалымдарының бірі, экономика ғылымдарының докторы, әке жолымен ғылымды қуып, бұл бағытта зор жетістіктерге жете білді. Әл-Фарабидің «тәннің кемелдігі – денсаулық», «тән саулығы жоқ жерде жан саулығы да болмайды» дегеніне дәлел болатын мамандықты Нұрлан Мұхтарұлы таңдап, тірліктің қуаты – елдің денсаулығына еңбек етуде. Нұрлан Арын медицина ғылымының докторы.

Жуырда Талдықорған қаласындағы Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында мемлекет және қоғам қайраткері, профессор Мұхтар Арынның 90 жылдығына арналған салтанатты жиналыс өтіп, ұрпақтары Мұхтар Арынұлы мен Райхан Бердіқожақызының әруағына арнап ас берді. Тектілік тамыр тартады, ата-ана өнегесі ұрпақтары арқылы жалғасын таба бермек.

**Жомарт ИГІМАН,**  
**Қазақстанның Құрметті журналисі.**

**Ұлттық музыкамыздың інжу-маржаны – ән мен күйдің оркестрлік орындау деңгейіне көтеріліп, жаңа формада дамуы дәстүрлі өнерді жаңа биікке шығарды. Осынау бекзат өнердің бүгінгі замандағы алдыңғы легінде белгілі дирижер, композитор, ұлағатты ұстаз, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Жамағат Темірғалиев есімі тұр. Елге танымал оркестрлердің дирижері болған, қырық жылға таяу уақыттан бері Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияның оқытушысы Жамағат Хафизұлы оркестрлік өңдеудің хас шебері ретінде де мәлім. Биыл мерейлі 80 жасқа толып отырған дирижер ағамыздың бүкіл өмір жолы мың сан бояулы, тылсым үнге толы оркестрдің әсем сазындай өнермен бірге өріліп келеді.**



# САЗ ӘЛЕМІНДЕ САМҒАУ

Ұлттық өнермен өмірі бітеқайнасқан Жамағат аға – өзінің дирижерлік мектебін қалыптастырған майталман музыкант, дәстүрлі өнердегі бірнеше буынның ақылшы ағасы, қамқор ұстазы.

Жер жәннаты Жетісуда – Талдықорған облысы Сарқан ауданының Қарауылтөбе ауылында 1946 жылы дүниеге келген Жамағат ағамыз мектепті Бөрлітөбе ауданындағы Көктерек ауылында оқыпты (ол кезде М.Горький совхозы). Мектепте директор болған, одан кейін шаруашылық басқарған әкесі Хафиз домбыра тартып, күй шертетін, анасы Қамар сырнаймен ән салатын жандар еді. Бұл атадан балаға берілетін, қанмен келетін қасиет қой, өз тегі де, нағашы жағы да өнер қонған әулеттің балалары музыкаға жақын болып өсті. «Әкеміз бен анамыз қолы қалт еткенде қосылып ән салатын. Біз тамашалап тыңдап отыратын едік», – деп еске алады Жамағат аға.

«Талдықорғанда бір жылдық сырнайшылар курсын оқып келген Жеңіс ағам клубта жұмыс істеді, әншілерді сүйемелдеді. Музыкалық қабілеті керемет еді. Менің әуенге алабөтен құштарлығымды көрген Жеңіс маған баян аспабын үйрете бастады, сөйтіп мектеп бітіргенше нотамен әжептәуір ойнайтын болдым», – дейді Жамағат ағамыз. Оның алғашқы сахнасы – ауыл клубы, алғашқы тыңдарманы – ауыл жастары еді. Клубта өтетін би кешіне жиналған жастар оқушы Жамағатқа әйгілі «Дунайские волны», «Амурские волны» вальстерін тартқызады. Осылайша, дарынды жас музыка дейтін сұлу өнердің ортасында есейді. Әйткенмен, кәсіби музыкант болу, арнайы оқуға тапсыру деген ойында жоқ еді. Тарих пәнін жақсы көретін бозбала мектеп бітірген соң осы мамандық иесі болуға бекініп, Балқаштың жағасындағы Бөрлітөбеден пойызбен Алматыға тартты. ҚазПИ-дің тарих факультетіне құжат тапсырды. Ауыл баласының орысшасы шамалы ғой, үш емтиханнан екі 4, бір 5 алса да, конкурстан өтпей қалды. Ол кезде екі жылдық еңбек өтілі дейтін талап бар, ауылға барып жұмыс істеп, институтқа қайта тапсырармын деген үмітпен аудан орталығы Сарқанға келіп, білім беру бөліміне барады.

«Аудандық білім беру бөлімінің меңгерушісі: «Қолыңнан не келеді?» – деп сұрады бірден. «Баян тартамын, ауылда әншілерді сүйемелдедім». «Ендеше, осында жетім балаларға арналған мектеп-интернат бар, мына кісіге жолығасың», – деп бір жапырақ қағаз берді. Бардым. Басшысы орыс азамат екен, қағазды оқыды да баянды қолыма ұстатты. «Ал, қане, ойна». Моцарттың атақты «Рондосын» зырылдатып ойнай бастадым, соңына жетпей тоқтатты. Әлгі қағаздың артына бірдеңені сүйкеп, қайтадан білім беру бөлімінің меңгерушісіне жіберді. Ол кісі жазбаны оқып, қуанғанын жасырмады: «Ой, жарайсың! Сендей баянист ауыл тұрмақ аудан орталығында таптырмайды, осындағы Абай мектебіне жібереміз».

Сонымен 1963 жылы аудан орталығындағы мектепке музыка мұғалімі болып орналасты. Ән-күй пәнінен сабақ береді әрі көркемөнерпаздар тобының жетекшісі. Бір жылдан кейін Көктеректегі мектепте орын босап, әкесі «өз қолымызда боласың» деп алып кетеді. Мұнда да мұғалімдік пен клуб жұмысын қатар алып жүрді.

Музыка дейтін құдірет өз соқпағына тартпай қоймайды екен. Жамағат аға бірде газет оқып отырып, Алматы консерваториясының хабарландыруына көзі түседі. Дайындық курсы мен бірінші курсқа қабылдау басталатын күні, реті – бәрі көрсетілген. Емтихан маусымда, «түсе алмасам, тамызда басқа оқу орнына бармын» деп Алматыға бет түзейді.

1965 жыл. Екінші Алматы вокзалынан пойыздан түсіп, Коммунистік даңғылымен жаяу тартты. Консерваторияға келісімен жатақхананы да тез бере қойды. Бірінші курсқа тек музыкалық училище бітіргендерді алады, сол себепті мақсат – дайындық курсына түсу. Домбырамен тартатын екі-үш күйді әзірлеп келген. Кейін білгеніндей, емтихан қабылдаған атақты композитор Латиф Хамиди, күйшілер Қабидолла Тастанов, Құбыш Мұхитов деген ағалары екен. Сөйтіп, үш сынақтан да бес алып сыртқа шықты. Отыз шақты үміткердің арасынан болашақ дәулескер күйші Қаршыға Ахмедияров екеуі оқуға түседі. Алайда домбырашы мамандығына орын жетпей, контрабас аспабына ауысады. Онда да өзі радиодан талай тыңдаған виолончельге ұқсас аспап деген соң келісті. Расында бұл оркестрлерге өте қажет, күрделі аспап еді. Бар көңілі домбыраға ауған жас шәкірт бастапқыда өзіне бөтен контрабасқа мойын бұрғысы келмей, салғырттау қарап жүріпті.

«Бір күні «Темірғалиев деген сен бе?» деп шап беріп ұстай алған бір оқытушымыз контрабас сыныбына мәжбүрлеп апарды. Сабақ болып жатыр екен, концертмейстер отыр. Әлгі мұғалім сүйеулі тұрған үлкен контрабасты алып ойнай бастағанда аспаптың даусы құлағыма жағып сала берді. Бір жылдың ішінде көп-көрім үйреніп алдым. Екінші жылы мемлекеттік симфониялық оркестрге үйренуші қылып орналастырып қойды», – деп ұстаздарын еске алды Жамағат аға.

Бұл Николай Яковлевич Давыдов деген, кезінде үлкен оркестрлерде ойнаған одаққа белгілі контрабасшы еді. Оқу орнында негізгі мамандықтан бөлек, дирижерлік бойынша Шамғон Қажығалиев, Базарбай Жұманиязов, Исидор Рык, Кенжебек Күмісбеков секілді керемет ұстаздардан дәріс алып, шыңдалды.

Консерваторияны бітірген соң Жамағат аға бірден Құрманғазы оркестрінің құрамына алынады. Музыкамен тағдыры тығыз байланысқанын түсінген ол көп ұзамай дирижерлік мамандық бойынша аспирантураға түсіп, профессор Шамғон Қажығалиевтің қарамағында білімін жетілдіреді. 1976 жылы оқуын аяқтаған соң П.Чайковский атындағы музыкалық училищенің шақыртуымен мұғалімдік жұмысқа тұрады. Мұнда композитор Мәкөлім Қойшыбаевтың ұсынысымен бөлім меңгерушісі болады, тұңғыш халық аспаптар оркестрін құрады. Жеті-сегіз жылда училище оркестрі байқауларға қатысып лауреат атанды, халық аспаптары үлкен бөлімге айналды. Осындай ілкімді іс тындырған жас дирижер қайтадан консерваторияға оралады және аспаптану ісіне түбегейлі бет бұрады. Сабақ бере жүріп, консерваторияның студенттік оркестрін де 7-8 жылдай басқарды. Бұның бәрі табиғатынан талантты жастың тәжірибесін толықтырып, кәсіби дирижер ретіндегі жолын ашты.

Оркестр басқаратын адам партитура жазуды қатар алып жүретіні белгілі. Осы саланың маманына айналған дирижерларға әрдайым сұраныс зор. Сондықтан да жақсы музыкантты алыстан танитын басшылардың бірі, Алматы облыстық филармониясының директоры Қабиден Тұяқаевтың көзіне түспей қалмады.

Бұл 1978 – 79 жылдар болатын. Көрнекті мемлекет қайраткері, қазақ мәдениетінің жоқшысы Өзбекәлі Жәнібеков ұмытылып бара жатқан музыкалық аспаптарды жарыққа шығаруды бастаған кезі. Филармония жанынан фольклорлық-этнографиялық ансамбль құру үшін білікті маман қажет болып, Тұяқаев Темірғалиевты шақыртады.

«Қарағым, сен өңдеу жұмысымен айналысады екенсің, дирижерлігің бар, ойнамайтын аспабың жоқ. Бізге сендей маман ауадай қажет», – дейді Тұяқаев. Сонымен Жамағат аға консерваториядағы қызметінен тыс уақытында келіп жұмыс істеуге келісімін береді. Бір жылда «Алтынай» би ансамблін құрады, «Адырна», «Сазген» ансамбльдерінің репертуарын, музыкалық көркемделуін реттейді.

«Қалай болар екен деген күмәнкүдік те болды. Бәрі жаңа, бәрі тың. Өзбекәлі Жәнібеков ағамыздың ұлылығы, көрегендігі ғой, жұмыс бірден жүріп кетті. «Адырна» деген аспапты қайта жасатып, ансамбльдің атын берді. Көне әндер мен күйлерді түсіріп, партитурасын әзірлеуді маған тапсырды. Көп ұзамай ансамбльдер бүкіл ауыл-аймақты аралап, гастрольге шығатын деңгейге жетті». Сөйтіп, ансамбльдерді кәсіби өнер ұжымдарының қатарына қосқан Жамағат аға оқытушылық жұмысына қайта оралады.

Жамағат Темірғалиевтың дирижерлік мансабындағы елеулі бір кезең әйгілі «Отырар сазы» оркестрімен тығыз байланысты. Көрнекті композитор, дәулескер күйші Нұрғиса Тілендиев есімі енді таныла бастаған жас дирижер туралы естіп жүреді екен. Ұсынысын айту үшін өзінің қызметтік

## БЕСАСПАП

*Жамағат десе осыдан елу-елу бес жыл бұрынғы студенттік шағымыз еске түседі, консерваторияда бірге оқыдық. Абай көшесіндегі жатақханада Қаршыға Ахмедияров, Шекер Ахметжанов – бәріміз бір бөлмеде тұрдық. Төртеуміз де музыка десе, ішкен асымызды жерге қоятын едік. Студент бола жүріп Құрманғазы оркестрінде жұмыс істедік: біз – домбырашы, Жамағат – контрабасшы. Содан бері достығымыз үзілген емес.*

*Мен үшін Жамағаттың орны бөлек, шығармашылығымда айрықша қолтаңбасы бар. Көптеген әндерім мен күйлерімнің партитурасын жазды. Жамағаттың артықшылығы – музыканы оркестрге өңдеп түсіруінде. Партитураны кез келген композитор жаза алмайды. Жамағат өзінің талантымен, ішкі сезімталдығымен өңдеу, әрлеу ісінің шебері атанды. Ол – әрі бесаспап музыкант, кез келген аспапта ойнай береді.*

*Драматург Бақтияр Әбілдаұлының Жамбыл облыстық драма театрында қойылған «Айша бибі» спектакліне жазған музыкамды Жамағат оркестрге арнап өңдеді. Бұл қойылым әлі күнге сахнадан түскен емес. Ұлы композитор Нұрғиса Тілендиевтің рухына арнаған «Қараша қазым, қайдасың?» деген әнімді де Жамағат досым оркестрге түсірді, содан бері «Құрманғазы», «Отырар сазы» және басқа оркестрлермен қосылып орындап келеміз. Әннің сазы мен оркестрдің үнінде Нұрғаға деген қимастық пен құрмет, ерекше сағыныш бар.*

*Жамағаттың бір ерекшелігі – ол үлкен-кіші, кәсіби не әуесқой демей, өтініш айтқан адамның ән-күйін оркестрге түсіріп беруден еш жалықпайды. Бірде Әнуар Бекжанов дейтін жамбылдық сазгер 5-6 әнін өңдеуге берді, алайда көп ұзамай дүние салды. Сонда Жамағат әлгі әндердің партитурасын тегін жасап, Әнуардың бала-шағасына тапсырды. Осындай азаматтығына талай куә болдық.*

*Замандасым, досым, әріптесім Жамағат ақсақалдық жасқа да келіп қалыпты. Өнерде өскелең ұрпаққа берер үлгі-өнегесі мол, абыройлы азаматтың ұстаздығы мен шығармашылық қызметі жалғаса берсін, отбасына бар жақсылықты тілеймін.*

**Алтынбек ҚОРАЗБАЕВ,**
**Қазақстанның және Қырғызстанның халық артисі.**

«Волгасымен» үйіне алдырыпты. «Дереу өтініш жаз. Маған көмекші дирижер болып келесің». Айтты, бітті. Консерваторияда жұмысы барын алға тартса да, Нұрағаның сөзі – заң. Дәл сол жерде жұмысқа қабылдау туралы өтініш жазылып, қол қойылады.

«Осылай 1985 жылы «Отырар сазынан» бір-ақ шықтым. Бұл оркестрдің атағы бүкіл Қазақстанға дүркіреп тұрған шағы. Нұрағаңа деген халық қошеметінде шек жоқ. Гастрольмен елдің түкпір-түкпірін араладық, қиындыққа да бір кісідей төздік. Әйтсе де консерваториядағы жұмысымнан қол үзбедім».

Нұрағаның қол астында істеген бұл жылдар Жамағат Темірғалиев үшін өрісті де өнімді, тәжірибеге бай кезең болды. Оркестрге арнап өңдеген көптеген шығармалар мен төл туындылары жазылды. Таланты мен тегеуріні тең келетін Нұрғиса Атабайұлының көңілінен шығуының өзі көп жайтты аңғартса керек.

Кез келген дарын иесі туған жеріне бүйрегі ерекше бұрып, қолынан келген жақсылығын жасағысы келіп тұрады. Жамағат аға да Талдықорғанда Халық аспаптары оркестрін ашу жөніндегі ұсынысты жерге тастай алмады. Консерваториядағы оқытушылығынан уақытша қол үзіп, бірден туған жерге тартты.

Жамағат аға жалғыз келмей, сол 1990 жылы консерватория бітірген 13 баланы өзімен бірге ала келді. Музыканттарға байқау жариялады, артистердің концерттік костюмдерін тіккізді, аспаптарға тапсырыс берді. Жергілікті музыканттардың басын қосып, 50 шақты адамнан тұратын Ұлт аспаптары оркестрін ұйымдастырды. Репертуарын түгел өзі әзірледі, дирижері және көркемдік жетекшісі де өзі. Талдықорған облыстық Мұқан Төлебаев атындағы халық аспаптары оркестрі дүниеге осылай келді (атақты композитордың есімі 1993 жылы берілді).

Шебер ұйымдастырушы, өз ісіне ұқыпты маманды көзінен таса еткісі келмеген облыс басшылары Алматыға қайтқан Темірғалиевты қимай, өздерінде қалдырудың жолын іздеді. Сонымен Сүйінбай атындағы облыстық филармонияға бас дирижер болуға аттай қалап шақырды. Мұндағы қызметінде де игілікті істерге мұрындық болды. Сол кездегі облыс әкімі Заманбек Нұрқаділовтің идеясымен өткен «Жаңа ғасырға – жаңа ән» атты байқауды ұйымдастыруға белсене атсалысты.

…Дирижерлік өнерде көп тәлім-тәрбие алған Нұраға – Нұрғиса Тілендиев дүниеден озғаннан кейін белгілі дирижер Төлепберген Әбдірашевтің шақыруымен осында қайта оралады. Осылайша, «Отырар сазы» оркестріндегі қызметін зейнетке шыққанша атқарды.

Жамағат ағаның бүкіл шығармашылығы халық аспаптары оркестрлеріне арнап партитура жазу, туындыны аспаптарға лайықтау ісімен тығыз байланысты. Ол кісіні замандастары мен шәкірттері осы өнердің шыңына шыққан маман деп санайды. Әндер мен күйлерді өңдеу, әрлеу – Жамағат Темірғалиевтың кәсіби қызметінің маңызды бір қыры.

Бір әуен – сан түрлі бояу: бұл оркестр өнерінің ғажайыбы. Оркестрлік өнердің дамуы арқасында ұлтымыздың кеңінен келе жатқан ән-күйі өрнегі мен табиғатын бұзбай, жаңа формаға ие болды. Халық әуені симфониялық деңгейде орындалатын болды.

Ұлттық шығармаларды оркестрге бейімдеу, күйлердің жаңа интерпретациясын жасау ісінде ол кісінің өзіндік қолтаңбасы бар. Жамағат Темірғалиев шығармашылық қызметі барысында Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Қазанғап, Махамбет, Сүгір және Арқа күйшілік мектебінің ірі өкілдері Тоқа, Тәттімбет пен Қыздарбектің күйлерін, Алтай-Тарбағатай мектебінен Байжігіт және Жетісу өңірінің күйлерін оркестрге өңдеп әзірледі. Музыкалық оқу орындарына арнап оқу-әдістемелік құралдар жазды.

Бұлақтың көзін ашқандай, тәлімі мол ұстаздардан білім алу бақыты бұйырған Жамағат аға өзі де ұлағатты ұстазға айналды. Қазіргі таңда еліміздегі ең үздік ұлт аспаптары оркестрлері мен ансамбльдеріндегі дирижерлер қауымы өздерін Ж.Темірғалиевтың шәкірті санайды. Консерваториядағы бірінші түлегі, «Сазген сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің дирижері Ықылас Нұрғалиев ұстазының ауыл-аймақтағы талай талантты жасты оқуға тартқанын айтады: «Жамағат ағамыздың қазақ фольклорлық музыкасына сіңірген еңбегі зор. Еліміздің түкпір-түкпірінде ашылған оркестрлердің Жамағат ағадан ақыл-кеңес алмағаны аз. Тағы бір ғажабы, бұл кісінің ойнамайтын аспабы жоқ. Адамшылығы да ерекше. Мені консерваторияда өз баласындай жақын тартып, тәлім-тәрбие берді. Бағдат Тілегенов екеуміз осы кісіден көп дүние үйрендік, ансамбліміздің жетістікке жетуі де ағамыздың арқасы. Біз Жамағат ағаны пір тұтамыз».

Әдетте өз кәсібін жоғары деңгейде меңгерген адамдар талғампаз келеді. Егер ол композитор болса, тек мінсіз шығарма туғызуды қалайды. Жамағат аға да – өзіне жоғары талап қоятын адам. Сондықтан да оның өз туындылары – ұлттық бояуымен, кең тынысымен ерекшеленетін өміршең дүниелер.

Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі Ж.Темірғалиевтың оркестрге арнап жазылған «Бақтыбайдың әуені», «Сынтас», «Күй-дастан», «Бабалар үні», сондай-ақ «Жан тербер» күйі, жетігенге арнап жазған «Ауыл кеші» атты музыкалық картинасы, сазсырнайға арналған «Балдәурен» атты екі бөлімді сюитасы үздіксіз орындалып келеді.

Ұлттық дәстүрден тамыр тартқан, шертпе күй стилінде шығарған «Өмір толғау» атты туындысында адам ғұмырының мән-мағынасы жайлы толғанса, «Бабалар үні» атты поэмасы ежелгі тарихымызға бойлаудан туған. «Элегия» атты жеке домбыраның сүйемелдеуімен оркестрде орындалатын шығармасына адамның жан дүниесіне тән нәзік сезімдер арқау болған. Кәкімбек Салықовтың сөзіне жазылған «Алматы вальсі», «Ауылың алыс қалғаны-ай» (сөзі – Марфуға Айтхожина), «Туған елім» (сөзі – Нұрғали Омарқұлов) және басқа лирикалық әндері бір төбе.

Дирижер және композитор. Білікті ұйымдастырушы. Тәлімгер және ұлағатты ұстаз. Осынау шығармашылық жетістіктің бәрі Жамағат ағаның табиғат сыйлаған дарынын елдің кәдесіне жаратуының, академиялық білімді қажырлы еңбекпен ұштастыра білуінің нәтижесі екені сөзсіз. Ұлттық өнерге қалтқысыз қызмет ету – ұлтқа қызмет ету деген де осы шығар.

**Дина ИМАМБАЙ.**

# ТІС

## әңгіме

Бір жамбастап жатып шай ішсе, шөлден қаталап келген адамдай сары самаурынның суы сарқылып, шүмегінен шылжырап су аққанша, «қандым» деп алақанымен кесесінің бетін жаппайтын Отарбай Күмісбек пен Күнсаяның екінші әкелері. Өз әкелері Керімбек бұдан бірнеше жыл бұрын қайтыс болып кеткен. Марқұм ұзақ ауырды. Сарыжамбастанып жатып, дүние салды. Күмісбектің есінде денесінде қырым еті жоқ, қу сүйегі ғана қалған өңі жүдеу әкесінің аузына салған бір үзім нанды тісі жоқ қызыл иегіне басып, малжаңдап шайнағанда астыңғы ерні мұрнының ұшына тиіп барып қайтатын кейпі ғана қалып қойыпты. Сөйтіп отырып, қақалып қалатын. Шешесі қалақтай әкесін желкесінен түйгіштеп:

–Не болды соншама, соңыңнан жау қуып келе ме түге,- деп жекігенде ғана байғұс әкесі жасып төмен қарайтын. Түйір асқа қақалып қалу жай ғана түйілу емес, ас өтпейтін қауіпті кеселдің бастапқы нышаны екен. Ақыры айналдырған науқас жыл ішінде алып тынды. Әкесінің жылын берер кезде жиын тойларда иегіндегі мыстан кемпірдікіндей екі-үш сойдақ тісін көрсете шиқылдап күліп отыратын осы Отарбай пайда болған. Бастапқыда үйлерінде екі-үш күн түнеп, кейін осы шаңырақтың басыбайлы адамы сияқты біржолата орнығып қалды. Шешесінің көңілі де оған дегенде алабөтен, кет әрі емес. Адамның іші шыны емес пе, анасының Отарбайға дегенде шығарға жанының бөлек екендігі, шешесінің сары шалдың осы үйде қалғанын қалап тұратындығы алабұртқан жүзінен ылғи да байқалып тұрады. Құлағынан күн көрініп тұратын жұқалтаң өңді сары шалдың әкесінен бір айырмашылығы мұрнының астынан міңгірлеп сөйлеп жүріп те жоғын түгендейтін еті тірілігі. Әсіресе сенбі-жексенбі күндері жамбасы жер иіскемейді. Мал базарын жағалап, үй бетін көрмей, делдалдық жасайды. Кісімен тез тіл табысады.

–Әй, мына құнажынынды қанша деп тұрсың,-дейді қызыл өгізшесін тап қазір біреу жетектеп әкететіндей бас жібінен тарс ұстап алған табақ бет жігіттен.

–Бес жүз мың деп тұрмын, одан төменге бере алмаймын, обал емес пе,-дейді ол күмілжіп.– Жем-шөп те удай...Сатушы теріс қарап күңкілдейді.

–Тұратын жерің сол бес жүз мың ба,-дейді Отарбай сатушының бетіне үңіле қарап.

–Ақсақал, айттым, бітті, құны сол, дегеніңізге көндіремін деп әуре болмаңыз, бағасынан бес жүз теңге түгілі бес теңге де де түсе алмаймын,-дейді сатушы қатайып. Бірақ оған Отарбай қыңа қоймайды.

–Қарағым, базардың сәні сауда. Алушы да өзің сияқты адам. Байқаймын, мына баланың құнажынына көзі түсіп тұр. Бұйырғаны сол шығар, ал, балам сен қанша дейсің,-дейді ол енді сатушының бетіне қипақтап қарап тұрған ақ кепкілі жігітке бұрылып.

–Енді сол...деп күмілжіді ол...

–Әй, қыздың қалың малын саудаласайын деп тұрғанымыз жоқ... Қалтаңда қанша ақшаң бар өзі,-дейді Отарбай бастырмалата сөйлеп.

–Мына кісінің малына көңілім кетіп еді, тым құрыса, елу мың да түспей тұр ғой деді ол... Отарбай енді қайраттанып кетті.

–Балам, төрт жүз елу мың да жаман баға емес, бұйырғаны сол шығар ...кешкі сауданы бұзуға болмайды,- деп бір шөкім бұлт ойнап шыға келген аспанға бір қарап қойды. Сатушының иіні босай бастағанын сезген Отарбай екеуінің қолын кезек-кезек сілкілеп жарастырып жіберді. Отарбайдың осы бір мәміленің өзінен ғана қу тілінің көмегі арқылы тапқан жиырма мың теңгесі әп-сәтте ескі кәстюмінің төс қалтасында жатты.

Кешкісін базардан тапқан ақшасын саусақтарын жалап отырып, санап беторамалына түйіп көңілін жайландыра берген Отарбайды тағдырдың маңдайына жазып қойған басқа сәтсіздігі күтіп тұр еді, тоқпан жіліктің майлы басын енді мүжиін деп ауызға сала бергенде түбі шіріп тұрған күрек тістің бірі түбінен опырылып, әлі желініп үлгермеген сіңірмен бірге алақанына түскен.

–Қап, әттеген-ай,-деп өкінді Отарбай тамыры сояудай болғанымен түбі сарғыш тартып, шіри бастаған күрек тісті алақанына салып отырып. – Өзіме де обал жоқ, тап бір тамақтан өлген адам сияқты,-деді күйініп. Жалғыз тістің өзі де тамақ шайнағанға әжептәуір күш береді екен, енді мынау опырылған сүйектің орнынан ысылдаған жел ғана шығады.

–Абайламадың ба,-деді Күмісбектің шешесі...

–Өй, қойшы сен де... абайламадың ба дейді ғой ...мен бір әдейі жасағандай...деп қолын сілтеді онсыз да күйіп отырған Отарбай.

Сананы жаулап алған сары уайымның соңы тісті не істейміз деген мәселеге келгенде тіптен ушығып, жұмсалынатын шығынды есептеп көрген Отарбайдың шашы тік тұрған.

–Ойбо-о-й,-деді ол өз ойынан өзі шошып. –Қай бір жылы пұшық Төлегеннің екі жағына жүз жиырма мыңға тіс салдырғанын өз құлағыммен естіп едім, одан бері тістің бағасы да жеті басты айдаһардың басы сияқты аспандап өсіп кеткен шығар...Ондай ақша қайда...

–Иесіз қалғыр, кісідегінің кілті аспанда деген, олар да күнің түсіп тұрғанын білгеннен кейін әдейі шалқайып, әкесінің құнын сұрайды ғой,-деді шешесі Отарбайды жақтап сөйлеп. –Ана былтырғы лақтамаған ақ ешкіні сатсақ қалай болады... кем дегенде елу мыңға өтетін шығар... қалғанын тағы да көрерміз ... Отарбай тауып айттым ба дегендей сыңай танытқан шешесіне одырая қараған.

–Ау, ол малдың басы ғой...

–Ана қоңыр ісекті сатсақ ше,-деді шешесі де тақымдап қоймай... Отарбайдың оған да жауабы дайын еді.

–Күзге таман қай малыңды бордақылайын деп едің... қыста неңді жейсің деп шешесіне қарап еді, анасы байғұстың үні шықпай қалды. Екі үш күннен кейін Отарбай аудан орталығына шапқылап жүріп, алмалы-салмалы тіс салдырып келді. Бұрынғыдай емес, Отарбайдың әшейінде түйенің бір жағына қарай ауған жүгі сияқты салбырап тұратын жағы дұрысталып, қызыл иегінің арасынан ысылдап шығатын сөзі де жөнделген. Шешесі тісі бар Отарбайды жаңадан көріп отырған адам сияқты жүзіне қайта-қайта қарап, сүйсінген.

–Құдай-ау, тісің бар болса, әп-әдемі жігіт екенсің ғой... Отарбай ыржалақтап күлген:

–Енді...е, менің бағамды кім біліп жүр дейсің...

Күмісбек кезінде аузында бір тісі жоқ әкесі марқұмның жағдайына келгенде шешесінің дәл осылайша күйзеліп, қабырғасы қайыспағанына таң қалды. Енді мынау айдаладағы Отарбайдың тіс салдырғанына өлердей қуанып отырғаны. Мүмкін, әкесін жақсы көрмеген шығар... Күмісбектің көз алдына малжаңдап шайнап отыратын әкесінің жүдеу жүзі келген. Әлдебір өкініш көкірегін тырнап өтті. «Қайран әке, бойымда қаның тулап жатқан кезде сізді ұмытпаймын, мынау бес күндік жалғаннан не қызық көрдің» Саған қандай жақсылық жасадым». Күмісбектің көмейіне өксік тірелген. Ертең бұл да ер жетеді, табыс табады, сонда алғашқы тапқан айлығына әкесі сияқты бір қорғансыз адамға тіс салдырып беретін болады.

Күмісбектің жанарында мөлдіреген жалғыз тамшы тұрды...

**Елеусіз МҰРАТ.**

# Ұстаздарым - ұлыларым!

**Осынау бір шағын ауылдың, Абай ауылының ортасында орналасқан, он бөлмелік, ұзын дәлізі бар, шағын мектептен сегіз жылдық білім алып, өзімізше есейгендей, ақыл-ойымыз толысқандай болып, қолымызға куәлігімізді алып, көңіліміз алып-ұшып, алтын ұя мектебіміздің қабырғасынан үлкен өмірге аттанғанымызға жарты ғасыр – 50 жыл болыпты!**




50-жылдық кездесуді өткіземіз деп дайындалғаннан бастап, ойымыз өткенге оралып, есімізге балалық шағымыздың қызықты күндері түсе береді. Біздің ұрпақ, біздің буын үшін мектеп, ұстаз деген "өте бір қасиетті, бағалы, таза" деген ұғымдармен қатар жүретін секілді. Біздің ауыл тұрғындарының тұрмыс-тіршілігі бір-біріне ұқсас, біркелкі, бірқалыпты болатын. Қандай да бір ресми, мәдени, әдеби жаңалықтар мектеп арқылы, ұстаздар арқылы, оқушылар арқылы ауыл тұрғындарына жеткізілетін.

Менің тағы бір байқағаным ауыл тұрғындары мұғалімдермен кездесе қалса, кім болса да бойларын тіктеп ұстап, артық сөйлемеуге тырысып, аса бір ілтипат көрсеткісі келіп тұратын. Ал мектепке қандай да бір шаруамен баратындай бола қалса тазаланып, бір киер киімдерін киіп, бойларын тіктеп ұстап барушы еді. Сол шағын мектеп біз үшін кең сарайдай көрінетін. Жалпы бұрын да, қазір де көп сынға ұшырайтын мекеме-мектеп, мамандық-мұғалімдер ғой. Мен осы жазбамды біздің өмірімізге, азамат болып қалыптасуымызға үлкен ықпал еткен ұстаздарыма, мектебіме арнамақпын. Оларды сынау, мінеу ойымда жоқ. Осы жазбам арқылы бүкіл кластастарымның атынан ұстаздарымызға алғысымды айтып, ризашылығымды білдірмекпін!

Иә, сонымен 1968 жылдың 1 қыркүйегінде, көзіміз жәудіреп, өзімізге кең сарайдай болып көрінген шағын мектептің табалдырығын жасқана аттап едік. Біздің алғашқы ұстазымыз соғыс ардагері, соғыстан алған жарақатының салдарынан бір аяғын сылтып басатын Құсайын ағай Жұмагелдинов болып еді. Кластағы 33 баланың әрқайсысына, партада қалай отыру, қаламды қалай ұстау т.т., жалпы мектеп заңына бейімдеу қазір ойласам, орасан зор еңбек екен ғой. Ағайымыз сабақты шағын аңыз әңгімелер, ертегілермен бастап 33 баланың назарын өзіне аударып, тыныштандырып алған соң сабақ түсіндіруге көшетін. Ағайымыз не айтса да біз үшін де, ата-анамыз үшін де заң еді! Әліппе кітабының жетіспегендігіне қарамастан, бір-бірімізден алып оқып, ағайдың үйге берген тапсырмасын бұлжытпай орындайтынбыз. Ағайымыз қызмет бабымен бізге 2 класта сабақ бермейтінін білгенде, бәріміз қатты ренжідік. Қазіргі терминмен айтқанда үлкен күйзеліске түстік. Бастауыш класты бітіргенше бізде бірнеше мұғалім ауысты. Смаилов Жылқыайдар ағай, Әбілмәжінова Өкен апай, Самалхан апайлар сабақ берді. Бұл ұстаздарымыздың да бізге сіңірген еңбектері зор еді. Мектептегі бала саны көп класс біз едік. Онымен қоса Құсайын ағайымыз кетіп қалып күйзелісте жүрген класқа бірнеше мұғалім ауысса, жай-күйіміздің қандай болғанын саналарыңызға сала беріңіздер. Сонымен біздің класс бастауыш кластан, жоғарғы класқа ауысқанда, бұзақылау, тынымсыздау, қиын класс деген атақпен ауыстық. Осындай кластың старостасы, класкомы мен едім! Ал осындай класты жүректілікпен қабылдап, класс жетекшіміз болған біздің Балғабек ағайымыз Шонкин еді! Біздің бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып ұйымшыл, алдыңғы қатарлы класс атануымызға Балқаш ағайымыздың (ол кісіні бүкіл ауыл осылай атайтын) қаншама жүйкесі тозып, қаншама тері төгілді. Ағайымыздың ұқыптылығы, өз ісіне деген аса жауапкершілігі, бізге ересек адамша талап қоя білуі нәтижесіз болған жоқ. Мектептегі жаңа бастамаларға, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, сабақ үлгерііміміз де біршама көтерілді. Химия пәнінің мұғалімі Қанат ағай бізді «Балқаштың бахадүрлері» деуші еді. Бахадүр деген, түрік тілінен аударғанда батыр деген мағынаны береді. Яғни Қанат ағай біздің кластың балаларын батырларға теңеген ғой! Жаратушы аузына салған ғой. Қанат ағайымыздың осы бір теңеуі де дәлелденді деп ойлаймын. Түсіндірейін. Біздің мектеп 8 жылдық болғандықтан басқа 10 жылдық мектептердегі секілді, бітіргендеріне 10, 20, 30 жыл болды деген іс-шара өткізілмейтін. Кластасымыз Мекебаева Гүлбаршынның бастамасымен 1996 жылы ауылда бірінші болып, біздің класс 20-жылдық кездесу ұйымдастырдық. Ойлана беріңіз. 1996 жыл. Қайта құру кезеңі. Қаражат жағы тапшы. Ауылда жарық жоқ. Ел дағдарып, еңсесі түсіп кеткен. Кездесуді өткізу жөнінде тәжірибеміз де жоқ. Ал біздің класс 20-жылдық кездесуді бәйге ұйымдастырып, бағалы сыйлықтар таратып, дүркіретіп өткіздік. Ал мектебімізге қолдан жасалған, қолмен соғатын қоңырау сыйладық. Біздің осы әрекетіміз ауылымызды, мектебімізді бір жақсылыққа қарай ұмтылдырып, жаңа бір серпіліс әкелгендей болды. Мінекей осылайша «Балқаштың бахадүрлері» жаңа бір іс-шараның мұрындығы болып еді. Ал Балқаш ағайдың ұсталық шеберлігі өз алдына бір әңгіме. Тасарық 8 жылдық мектебінің алғашқы іргетасын қалап, кейіннен осы мектепте тарих пәнінен сабақ беріп, ұзақ жылдар бойы директорлық қызмет атқарған, соғыс ардагері Рашат Досжанов ағайымыздың не оқушыларға, не ұжым мүшелеріне дауыс көтеріп қатты сөйлегенін естімеппіз. Рашат ағайдың жары, география пәнінен сабақ берген Досжанова Батима апайымыз да ерекше адам еді. Әзіл-қалжыңы аралас әңгімелерін айта отырып, сабақ түсіндіріп те, сабақ сұрап та үлгеретін. Қазақ тілі және әдебиет пәнінен сабақ берген Қомашбаева Сара апайымыз ерекше тұлға еді. Тақтаға жазған жазуы маржандай болып, бір сызықтың бойына біркелкі түсетін. Ол кісінің ұқыптылығы мен жинақылығы ерекше еді. Сабақ сұрау, сабақ түсіндіру барысында бүкіл класты дауыс көтермей-ақ баурап алатын. Алгебра және геометрия пәнінен Белгібаев Төлепберген ағай дәріс берді. Ол кісі соғыс ардагері еді. Бір қолы кем болатын.Үлкендер ол кісіні соғыста басынан жарақат алған, контузиясы бар деп айтатын. Сабақ өткізу барысында, сол бір соғыс салған жарақаттың әсері біліні п қалатын. Балалықпен ол кісінің кейбір оғаш әрекеттерін түсінбеген де шығармыз. Төлепберген ағайдың жары Ұлтай Айтмұханбетқызы бастауыш кластарға сабақ бере жүріп, мектептегі «Қыздар кеңесін» басқарды. Айына бір мәрте кеңес отырысында қыздардың оқу үлгерімдері, қыздардың мектептегі және мектептен тыс уақыттағы мінездері талқыланатын. Қыздар жағы ол кісінің көзіне түспеуге тырысатынбыз. Бізге орыс тілі және әдебиеті пәнінен біраз уақыт сабақ берген Тәтиева Гүлхан апайымыздың сабырлы, салмақты мінезі, өз пәні бойынша біліктілігі қайсымыздың болмасын есімізде қалды деп ойлаймын. Тарих пәнінен сабақ берген Атамбеков Тоқтар ағайымыздың балаша аңқылдаған аққөңіл мінезі кімді де болса өзіне баурап алатын. Әр баламен өзінің қатарындай әңгімелесіп, кеңесіп отыратын. Ол кісінің тез ашуланып, тез басылатын мінезінен ерекше мейірім сезіліп тұратын. Ал Қабдолданов Қанат ағайымыздың өз пәніне деген (химия) сүйіспеншілігін, өте жоғары дәрежедегі білімділігін біздің мектеп оқушылары ғана емес аудан мектептерінің мұғалімдері де жоғары бағалайтын. Мен 8 кластан соң Талдықорған қаласындағы № 1 қазақ мектеп-интернатына (қазір Дәнеш Рақышев атымен аталады) 9 класқа қабылдандым. Сол мектептегі химия пәнінің мұғалімі Кебекова Майнұр апай менің білімімді тексерген соң, қайдан келгенімді, кім оқытқанын сұрады. Мен ағайымыздың аты-жөнін атап едім, онда саған бірінші тоқсанға сабақ сұрамай-ақ «5» дегенде, жаңа ортаға түскен менің беделім асқақтап-ақ кетіп еді. Осы жайында ауылға келгенде, Қанат ағайға айтқанымда ерекше толқып, риза болып, маңдайымнан иіскеп, батасын беріп еді. Мүсәпірова Қатипа апайымыздың сабағы тіпті қызықты өтетін. Немісше-орысша-қазақша сөздіктерді қанша жаттасақ та тілімізді сындырып берген жауабымыз күлкілі шығатын. Бір-біріміздің жауабымызға күлсек, Қатипа апай өзінің мұғалім екенін ұмытып, бізге қосылып күлетін. Ән-күй сабағынан Жақыпбекова Роза апай берген кезде, алғаш рет музыкалық кілт, нота деген ұғымдармен танысып, олардың нота сызығының бойында қалай жазылатынымен таныстық. 9-10 баладан құралған домбырашылар оркестрін құрып, сол кісінің ұйымдастыруымен ауыл тұрғындарына мерекелерде концерт беретінбіз. Сабақ үлгерімі нашар балаларға арналған «Ұзартылған күн» деп аталатын қосымша сабақ өтетін. Бұл сабақты 10 жылдықты жаңа бітіріп келген Қасымова Алтын апай өткізетін. Әлі өзі де бала Алтын апайымыздың сабақ үлгерімі нашар, бұзақылау балалармен тіл табысып кетуі өте таңқаларлық жағдай екенін енді түсінгендеймін.

Институтты жаңа бітіріп келіп, Ержанова Әлкетай апайымыз физикадан, Хамитов Абылахат ағайымыз математикадан, Сарыбаева Жұмахан апайымыз алгебрадан, Юсупова Марал апайымыз орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беріп, мектепте түрлі үйірмелер ашып, сабақтан тыс іс-шаралар өткізіп, мектеп оқу-тәрбие жұмысына жаңалықтар енгізіп, жаңа бір серпіліс әкеліп еді. Жас мамандардың мектебімізде қызмет істеуі жалпы ауыл өміріне де әрқайсымыздың мінез-құлқымызға, көңіл-күйімізге де жақсы жағынан өзгерістер енуіне себепші болып еді. Олар жас та болса біздің балалық мінездерімізді үлкендерше түсініп, үлкендерше ақыл-кеңес беріп, алдағы үлкен өмірде өз орнымызды табуға себепші болды. Өздеріне ұстаздық мол тәжірибе жинады. Иә, Тасарық 8 жылдық мектебінің табалдырығын 1968 жылы 1 қыркүйекте аттап, 1976 жылы 8 жылдық білім алып, ары қарай 9, 10 кластарды әрқайсымыз, әр жерден жалғастыру үшін ауылымыздан, туған үйімізден, мектебімізден үлкен өмірге аттанғанымызға 50 жыл болыпты. Қатарымыз да сиреп, талай ұстаздарымыз да о дүниелік болыпты. Имандары жолдас болсын! Бізге дейінгі, бізден кейінгі, бірнеше ұрпақ өкілдеріне дәріс берген әрбір ұстазымызға тоқталып өттім. Шынымды айтсам осы уақытқа дейін ол ұстаздарымды мен «Иә, сабақ берді, иә, оқу-тәрбие барысында өз міндеттерін атқарды» деп қана қабылдағандаймын. Осы жазбамды жазу үстінде мен олар – ұстаздарымыз әрқайсымыздың өмір жолымызда айтарлықтай әсер еткен, айтарлықтай із қалдырған әрқайсысы баға жетпес бір-бір ұлы тұлға екенін түсіндім. Сонымен ұстаздарымыз Сіздерге шексіз алғысымызды айтамыз. Сіздердей адамдардың біздің өмір жолымызда бар болғанына шексіз ризамыз!

Есігіңді ашып кірдім
тұлымшағым желбіреп,
Төр ұсындың болашағым,
келешегім келді деп.
Өзіңде алғаш хат таныдым,
көзімді аштым әлемге,
Көкжиектің ар жағының құпиясын
білгім кеп.
"Ленин ата біз ұлан"-деп ән шырқадық
екпіндеп,
Бала жүрек аттай тулап "октябрят"-
болдым деп.
“Әрқашан да дайынбыз!”-деп ант бердік
жігермен,
Мойнымызда қызыл галстук желмен бірге
желбіреп.
"Комсомолдар жас қайраты!"-дегенді
айтып шаттандық,
Орталықтың уставын ұйқы
көрмей жаттадық.
Болсақтағы жас өспірім,бата алып өзіңнен,
Буынымыз бекімestен жаңа өмірге
аттандық.
Ол кезде де мамыр айы тұрды осылай
маужырап,
Толқып тұрдық жүрек соғып,бойымызда
қан тулап.
Қанатымыз қатаймастан ұшып шықтық
ұядан,
Содан бері жарты ғасыр өте шықты
зымырап.
Келіп қалдық қара шаңырақ бас июге өзіңе,
Балалықтың бал дәурені өтіп еді өзіңде,
Кешегі өндір бозбала мен бантик таққан
бойжеткен,
Бұл күндері айналыпты ата менен әжеге.
50-жылда жүзімізге уақыт өрнек салыпты,
Қырау шалған самайымыз жәй-күйімізді
танытты.
Дүние шіркін өзгерсе де өзгере қоймас
көңілің,
Көңіл шіркін,көңіл шіркін бала күнде
қалыпты!
Өкінішті,өкінішті сиреп қапты қатарым,
Құшақ жая қарсы алатын көрінбейді
ұстазым.
Тағы талай кездесуге жиналайық осылай,
“Келмес”-деген кемеде бізге орын
болмасын!
Келіп қалдым алтын ұям,қарсы ал мені
ауылым,
Қарсы ал мені дос-жараным,
ағайын-туыс,бауырым!
Сай-сала,белес-елдер жалаң аяқ өзіңде,
Қозы,лақты қуалаған кездерімді сағындым!
Сол қалпында Алмалы сай,Таусылмас
тау бөктері,
Сол қалпында сылдыр бұлақ сырлы әуен
шертеді.
Сол кезгідей,көктем уақыт үйіміздің төріне,
Айыр құйрық, қос қарлығаш ұя салып
кетеді.
Иә, иә! Сол қалпында
жұлдызды аспан,айлы түн,
Сол қалпында шығысыңнан нұрын төгер
алтын күн.
Өзгерсе де әрекетім, жүріс-тұрыс,
келбетім,
Өзгермейді саған деген махаббатым-
қарашаңырақ, ауылым!

**Ұлжан НҰРҒАЛЫМҚЫЗЫ.**
**Сарқан қаласы.**

# ҚАНТТЫ КӨТЕРМЕ САТУ НАРЫҒЫН ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті 2024-2025 жылдардағы қантты көтерме сату нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйіне жоспарлы талдауды аяқтады.

Талдау нәтижелері бойынша нарық жоғары концентрацияланған (I типті) нарыққа жататындығы анықталды, бұл жеке қатысушылардың айтарлықтай үлесін көрсетеді. Нарыққа кірудегі кедергілер де анықталды. Атап айтқанда, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыстағы биржалық сауда ережелері 100% алдын ала төлеуді және клирингтік орталық арқылы есеп айырысуды көздейді, бұл қатысушыларға қаржылық жүктемені арттырады және олардың мүмкіндіктерін шектейді.

Бәсекелестікті дамыту мақсатында төлем және жеткізу тәсілдерін кеңейтуге бағытталған биржалық сауда ережелеріне өзгерістер енгізуді қарастыру ұсынылды. Осы шараларды іске асыру кірудегі кедергілерді азайтуға және нарықтағы бәсекелестік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

# НАЧАТ АНАЛИЗ СОСТОЯНИЯ КОНКУРЕНЦИИ НА РЫНКЕ ТОРГОВЫХ МЕСТ НА ПРОДОВОЛЬСТВЕННЫХ РЫНКАХ

Департамент Агентства Республики Казахстан по защите и развитию конкуренции по области Жетісу начал анализ состояния конкуренции на рынке услуг по предоставлению торговых мест на продовольственных рынках (базарах).

Целью анализа является оценка состояния конкуренции на данном товарном рынке, определение уровня конкуренции, а также выявление субъектов, занимающих доминирующее и монопольное положение.

В рамках анализа также будет установлено наличие либо отсутствие признаков нарушений законодательства Республики Казахстан в области защиты конкуренции, включая факты возможного злоупотребления доминирующим или монопольным положением.

Кроме того, анализ направлен на выявление факторов, препятствующих развитию конкурентной среды на указанном рынке.

# Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті

**Сыбайлас жемқорлық – қазіргі қоғамдағы ең қауіпті әлеуметтік мәселелердің бірі. Ол мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, халықтың билікке деген сенімін азайтады. Жемқорлық бар жерде әділдік әлсіреп, заңның орындалуы төмендейді. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күрес әрбір ел үшін маңызды міндет болып табылады.**

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз – қызметтік өкілеттікті жеке пайда үшін пайдалану. Оның түрлері көп: пара беру және алу, қызметін асыра пайдалану, таныстық арқылы заңсыз жеңілдіктер жасау, мемлекеттік қаржыны мақсатсыз жұмсау және тағы басқа. Мұндай әрекеттер қоғамның барлық саласына зиянын тигізеді.

Ең алдымен, жемқорлық экономиканың дамуын тежейді. Мемлекеттік қаржы дұрыс жұмсалмаса, елдің әл-ауқаты төмендейді. Инвесторлар сенімсіздік танытып, экономика әлсірейді. Сонымен қатар адал еңбекпен табыс табатын азаматтардың құқығы бұзылады. Әділетсіздік орын алған жерде адамдардың еңбекке деген ынтасы да азаяды.

Сыбайлас жемқорлық қоғамдағы моральдық құндылықтарды да бұзады. Адалдық, әділдік, жауапкершілік сияқты қасиеттердің маңызы төмендейді. Жастар жемқорлықты қалыпты құбылыс ретінде қабылдауы мүмкін. Бұл – болашақ үшін өте қауіпті жағдай.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күреске ерекше көңіл бөлінуде. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі жемқорлықтың алдын алу, заң бұзушылықтарды анықтау және халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру бағытында жұмыс жүргізеді. Сонымен қатар мемлекеттік қызметтерді цифрландыру арқылы ашықтықты қамтамасыз етуге күш салынуда. Электронды қызметтердің дамуы адам факторын азайтып, жемқорлық тәуекелдерін төмендетеді.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті. Әр азамат пара беруден де, алудан да бас тартуы керек. Адал еңбек етіп, заңды құрметтеу – жемқорлықты азайтудың ең тиімді жолы. Отбасында, мектепте және қоғамда адамгершілік тәрбиені күшейту де маңызды.

Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына үлкен кедергі келтіретін әлеуметтік кесел. Онымен күресу үшін мемлекет пен халық бірлесіп әрекет етуі қажет. Әділдік пен адалдық үстемдік құрған қоғам ғана болашаққа нық қадам жасай алады.

**Д. ҚАЛИБЕКОВ,**
**ҚР Әділет министрлігі Жетісу облысы әділет департаментінің «Ақсу ауданаралық мәжбүрлеп орындату аумақтық бөлімі» филиалының сот орындаушысы.**

# ӘДЕП – ҚОҒАМ АЙНАСЫ

**Қазіргі қоғамда адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі – әдеп. Әдептілік – адамның сыртқы мәдениеті ғана емес, оның ішкі жан дүниесінің, тәрбиесінің және адамгершілік болмысының көрінісі. Әдеп сақталған ортада өзара сыйластық, түсіністік пен тәртіп орнығады.**

Әдеп ұғымы үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуден басталады. Халқымыз ежелден әдепті жоғары бағалап, «Әдепті елдің баласы алыстан сәлем береді» деп бекер айтпаған. Ұлттық құндылықтарымыздың негізінде де әдеп пен адамгершілік қағидалары жатыр. Сондықтан әр азамат өз іс-әрекетінде, сөйлеген сөзінде, қоғамдық ортадағы қарым-қатынасында әдеп нормаларын сақтауы қажет.

Әсіресе мемлекеттік қызмет пен қоғамдық ортада әдептің маңызы зор. Қызмет барысында әріптестермен және азаматтармен мәдениетті қарым-қатынас орнату – мекеме беделін арттыратын басты факторлардың бірі. Әдепті қызметкер – өз міндетіне жауапкершілікпен қарайтын, сабырлы, сыпайы әрі кәсіби маман.

Бүгінгі таңда жастар тәрбиесінде де әдеп мәселесі ерекше назар аударуды қажет етеді. Жас ұрпақ үлкендердің өнегесін көріп өседі. Сондықтан отбасы, білім беру ұйымдары және қоғам болып, жастарға әдептілік пен ізгіліктің маңызын түсіндіруіміз керек. Әдепті ұрпақ – елдің болашағы.

Қорыта айтқанда, әдеп – адам өмірінің ажырамас бөлігі. Әдептілік адамды биікке жетелейді, қоғамда абыройын арттырады. Әрбір азамат әдеп қағидаларын сақтап, айналасына құрметпен қараса, қоғамымыз да мәдениетті әрі өркениетті бола түседі.

**А.КАРИБЖАНОВА,**
**Көктерек ауылдық округі әкімі аппаратының бағдарламашысы, «Amanat» БПҰ мүшесі.**

# Мемлекеттік қызметте өсу және меритократия қағидаты

Меритократия (лат. meritus – лайықты, гр. kratos – билік) — басқарушы немесе әлеуметтік жүйе. Бұл жүйеде лауазымдар мен жоғары мәртебелер адамның шыққан тегіне немесе қаржылық жағдайына емес, тек оның жеке қабілетіне, біліміне және жетістіктеріне (еңбегіне) қарай беріледі. Қоғам дамуының әр кезеңінде мемлекеттің беріктігі мен болашағы ең алдымен адам капиталына, яғни кәсіби, адал әрі жауапты кадрларға тікелей байланысты екені дәлелденіп келеді. Осы тұрғыда меритократия қағидаты – мемлекеттік басқаруды заманауи әрі тиімді моделін қалыптастыратын негізгі тетік. Меритократия – мемлекеттік қызметшінің жеке сіңірген еңбегін, кәсіби жетістіктері мен қабілеттерін әділ бағалау арқылы оның қызмет бабында ілгерілеуін қамтамасыз ету. Бұл тәсіл кадрлық шешімдер қабылдауда субъективтілікке жол бермей, ашықтық пен әділдікті қамтамасыз етеді. Конкурстан тыс тағайындау тетігі де меритократия қағидатына қайшы келмейді. Керісінше, бұл механизм өз ісінде жоғары нәтижелерге қол жеткізген, жауапкершілігі мен кәсіби деңгейі дәлелденген қызметшілердің мансаптық өсуіне мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, меритократия қағидатын іске асыру кадрлық әлеуетті тиімді пайдалануға, мемлекеттік қызмет-шілерді ынталандыруға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасып, мемлекеттік қызметтің кәсіби, ашық және нәтижеге бағдарланған жүйе ретінде дамуына серпін береді.

Мемлекеттік қызметте өсу – тек лауазымның жоғарылауы ғана емес, сонымен бірге адамның кәсіби дамуы мен жауапкершілігінің артуы. Нағыз мемлекеттік қызметші халыққа адал қызмет етіп, мемлекет мүддесін бәрінен жоғары қоя білуі тиіс. Сондықтан қызмет барысында тәртіп, әдеп, білім және бастамашылдық ерекше бағаланады. Меритократия қағидатының басты артықшылықтарының бірі – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу. Себебі әділ бағалау мен ашық конкурс болған жерде заңсыз әрекеттерге жол берілмейді. Бұл халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін арттырады. Қорытындылай келе, мемлекеттік қызметте өсу мен меритократия қағидаты – тиімді мемлекеттік басқарудың негізгі тетігі.

**М.НУСИПБЕКОВА,**
**Сарқан ауданы бойынша әдеп жөніндегі уәкілі, персоналды басқарудың бірыңғай қызметі (кадр қызметі) бөлімшесінің бас инспекторы.**

# Аусыл ауруының алдын алу – ортақ міндет

**Аусыл** — үй және жабайы тұяқты жануарларға (сирек адамдарға) жұғатын аса қауіпті жұқпалы ауру. Бұл дерт ірі қара, қой, ешкі, шошқа сияқты жұп тұяқты жануарларға тез таралып, мал шаруашылығына елеулі экономикалық зиян келтіреді. Аурудың таралуы өнімділіктің төмендеуіне, малдың әлсіреуіне, кейде өлімге әкелуі мүмкін.

Аусылдың негізгі белгілеріне жануардың дене қызуының көтерілуі, ауыз қуысында, тілде, ерін мен тұяқ араларында күлдіреуік жаралардың пайда болуы, сілекейдің шамадан тыс ағуы, ақсау және жем-шөптен бас тартуы жатады. Әсіресе жас төлдерде ауру ауыр өтіп, жүрек қызметінің бұзылуына соқтыруы мүмкін.

Аусылды оған ұқсас аурулардан да ажырата білу керек. Мал кейде химиялық заттармен, арам шөптермен уланады, бұл кезде олардың ауыз қуысы қабынып, көбіктенген шұбырынды сілекей ағады, бірақ күлдіреуіктер шықпайды. Шешек және күл ауруларының клиникалық белгілері де аусылға ұқсас болады. Мәселен шешек пен күлде малдың терісіне алдымен қызыл бөртпелер шығады, сонан соң олар біртіндеп күлдіреуіктерге айналады. Ауру созылмалы түрде өтеді. Ал күлдіреуікті ауыз уылуы ауруында дене қызуы көтерілмейді, бақайшық арасында күлдіреуік шықпайды. Бұл ауру жұқпайды. Ірі қараның обасы мен вирустық диарея т.б. тұяқ арасы мен желінді зақымдайды.

Ауру қоздырғышы — Picornaviridae (пикорнавирустар) тұқымдасына, Aphthovirus (афтовирустар) туысына жататын өте ұсақ РНҚ-вирусы. Вирустың антигендік құрамы күрделі, оның негізгі 7 серологиялық типі бар (A, O, C, SAT-1, SAT-2, SAT-3, Asia-1). Олардың ішіндегі ең көп тарағаны — A, O және C типтері. Вирус сыртқы ортаға (әсіресе төмен температурада, малдың сілекейінде, терісінде, жүнінде және сүтінде) өте төзімді. Ол қантты ортада және топырақта айлап, тіпті жылдар бойы сақталуы мүмкін. Дегенмен, вирус қышқыл орталарға (сілтілер) және жоғары температураға шыдамайды. Мысалы, 60 °C температурада бірнеше минутта, ал қайнатқанда лезде өледі. Ауруды қоздыратын бұл вирус ауырған малдың сілекейі, зәрі, сүті және нәжісі арқылы бөлінеді. Ол инфекция жұқтырған жем-шөп, суат және жайылым арқылы тез тарайды.

Жануарлардың иммундық қорғанысы үшін аусыл вирусының бірнеше түрі мен нұсқаларына қарсы вакциналар бар. Арнайы профилактика, яғни екпе ісін жүргізу бірқатар маңызды іс-шарадан тұрады.

Біріншіден, иммундау белгілі бір шаруашылықта бөлінген аусыл вирусының тиісті түрі мен нұсқасы бар вакцинамен жүргізілуі керек. Екіншіден, вакцинациялау жануарларда вирус тасымалдауды тоқтатпайды. Алайда вакциналау жоспарға сәйкес жүргізілсе, жануарлардың иммунитетін қалыптастырады. Сонымен қатар қора-жайды уақтылы дезинфекциялау, жайылымдарды бақылау, мал қозғалысын қадағалау індеттің алдын алуға көмектеседі.

Сондықтан шаруашылықтарда ветеринариялық-санитариялық талаптарды сақтау өте маңызды. Мал иелері жаңадан әкелінген жануарларды міндетті түрде оқшаулап, ветеринариялық тексеруден өткізуі қажет.

Әдетте індет 5-8 жылда, кей жерлерде 2-3 жылда қайталанатынын ескерген жөн. Аусылға қарсы вакцина салынған малды иммунитет толық қалыптасқанша (шамамен 21 күн) союға болмайды.

**Аурудан сақтандыру шаралары:** 1. Жануарлардың аусыл ауруы шығуына күдікті жағдайда тиісті әкімшілік аумақтық бірліктің ветеринария мамандарына, мемлекеттік Бас ветеринариялық инспекторына жедел хабарлайды. 2. Аусыл ауруына күдікті жануарларды оқшаулап, басқа жануарлармен араластырмайды. 3. Ауруға күдікті жануарларды ауру анықталған орында қалдырып, басқа қораларға немесе басқа жайылымға шығуына жол бермеу. 4. Аусылдың эпизоотиялық қатерлі ошағы аумағынан жануарлардың және кез келген заттар мен жануарлардан алынатын шикізат өнімдері мен жем-шөптерді, жем-шөп қоспаларын ауданның бас ветинспекторының рұқсатынсыз шығаруға (алып шығуға) жол бермеу.

Егер малдан аусылға күдікті белгілер байқалса, өз бетінше ем қолданбай, дереу жергілікті Ветеринариялық станция мамандарына хабарлау қажет. Уақытылы хабарлау індеттің таралуын шектеуге және басқа шаруашылықтарды қорғауға мүмкіндік береді.

**Қ. САТЫЛҒАНОВ,**
**Сарқан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық- санитариялық инспекторы.**

**Сарқан ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің , оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары**

**1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Сарқан ауданының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі - қағидалар) "әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 қаулысына (бұдан әрі-қағидалар) сәйкес әзірленді - Үлгілік қағидалар) және әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда пайдаланатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға "бір терезе" қағидаты бойынша беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтер көрсетудің электрондық нысанда қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға электрондық нысанда көрсетілетін қызметтер;

2) арнайы комиссия-мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау жөніндегі Сарқан ауданы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) әлеуметтік көмек – жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі – ЖАО) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі-алушылар), сондай-ақ мереке күндері мен атаулы күндерге ақшалай нысанда көрсететін көмек;

4) әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган - "Сарқан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

5) әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым-Екінші деңгейдегі банктер, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларының тиісті түрлеріне лицензиялары бар ұйымдар,"Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері;

6) ең төмен күнкөріс деңгейі - "Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының Жетісу департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі есептейтін, ең төмен тұтыну себетінің құнына тең бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

7) жан басына шаққандағы орташа табыс-отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

8) мереке күндері -Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

9) мереке күндері (бұдан әрі – атаулы күндер) - Қазақстан Республикасының кәсіптік және өзге де мерекелері;

10) уәкілетті мемлекеттік орган-Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

11) учаскелік комиссия-атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін Срқан ауданы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

12) шекті мөлшер – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері;

13) цифрлық құжаттар сервисі-операторға бекітілген және ақпараттандыру объектілерінен алынған мәліметтер негізінде қалыптастырылған құжаттарды электрондық түрде көрсетуге және пайдалануға арналған "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының объектісі;

14) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа, электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесі" болып табылатын ақпараттандыру объектісі;

15) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

3. Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 71-бабының 4-тармағында, 170-бабының 3-тармағында, 229-бабының 3-тармағында, 10-бабы 1-тармағында 2) тармақшасында, 11-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында, 12-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында, 13-бабының 2) тармақшасында, 17-бабында көзделген әлеуметтік қолдау шаралары "Ардагерлер туралы " (бұдан әрі-Заң) осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен көрсетіледі.

4. Әлеуметтік көмек біржолғы және (немесе) мерзімді түрде (ай сайын, тоқсан сайын, жылына бір рет) өтініш жасалған айдан бастап жүзеге асырылады.

5. Әлеуметтік көмек көрсету үшін мереке күндері мен атаулы күндердің тізбесі:

1) 15 ақпан - Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылған күні;

2) 26 сәуір-Чернобыль атом электр станциясындағы апат құрбандарын еске алу халықаралық күні;

3) 9 мамыр-Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні;

4) 29 тамыз-Семей ядролық сынақ полигонының жабылу күні;

5) 10 қазан-Мүгедектігі бар адамдар күні.

Бірнеше негіздер болған кезде мереке күндері мен атаулы күндерге әлеуметтік көмек тек бір негіз бойынша тағайындалады.

**2 тарау. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындаудың және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі**

6. Азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіз болып табылады:

1) табиғи зілзаланың салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне залал келтіру;

2) өрт салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне залал келтіру;

3) әлеуметтік маңызы бар аурудың болуы;

4) жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың ең төменгі күнкөріс деңгейіне еселенген қатынасында болуы; Табиғи зілзала немесе өрт салдарынан мүлікке залал келтірілген кезде жергілікті мүлікке зардап шеккен мүліктің орналасқан жері бойынша оның меншік иесінің тіркелген жеріне қарамастан көрсетіледі. Әлеуметтік көмек көрсету және (немесе) адамның (отбасының) материалдық-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізу үшін жоғарыда көрсетілген негіздер бойынша әлеуметтік көмек түрлерінің тізбесін жергілікті өкілді органдар бекітеді. Арнайы комиссиялар әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде жергілікті өкілді органдар бекіткен азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздердің тізбесін басшылыққа алады.

7. Алушылар санаттарының тізбесі және әлеуметтік көмектің шекті мөлшері:

1) басқа мемлекеттердегі аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері:

оқу-жаттығу жиындарына шақырылған және ұрыс қимылдары жүргізу кезеңінде Ауғанстанға жіберілген әскери қызметшілер-50 (елу) айлық есептік көрсеткіш, жылына 1 рет;

жауынгерлік іс-қимылдарды жүргізу кезеңінде осы елге жүктерді жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері-50 (елу) айлық есептік көрсеткіш, жылына 1 рет;

бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларға ұшқан ұшу құрамының әскери қызметшілері-50 (елу) айлық есептік көрсеткіш, жылына 1 рет;

Ауғанстандағы Кеңес Әскери контингентіне қызмет көрсеткен, жауынгерлік іс - қимылдарды қамтамасыз етуге қатысқаны үшін жараланған немесе мертіккен жұмысшылар мен қызметшілер-50 (елу) айлық есептік көрсеткіш, жылына 1 рет;

1992 жылғы қыркүйек пен 2001 жылғы ақпан аралығында Тәжік-Ауған учаскесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын қорғауды күшейту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерді орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері - 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш, жылына 1 рет;

2003 жылғы тамыздан 2008 жылғы қазанға дейінгі кезеңде Ирактағы халықаралық бітімгершілік операциясына бітімгершілік ретінде қатысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері-50 (елу) айлық есептік көрсеткіш, жылына 1 рет;

1986-1991 жылдар кезеңінде Таулы Қарабақта этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілер, сондай - ақ бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары-50 (елу) айлық есептік көрсеткіш, жылына 1 рет

2) жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер:

1986-1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарын жоюға қатысқан, сондай - ақ тікелей ядролық сынақтарға қатысқан адамдар - 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш, жылына 1 рет;

бұрынғы КСР Одағын қорғау, басқа кезеңдерде әскери қызметтің өзге де міндеттерін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты ауыруы салдарынан мүгедектігі белгіленген әскери қызметшілер - 26 (жиырма алты) айлық есептік көрсеткіш, жылына 1 рет;

Чернобыль атом электр станциясындағы апат және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялар, ядролық сынақтар салдарынан мүгедектігі белгіленген адамдар және олардың мүгедектігі ата - аналарының бірінің радиациялық сәулеленуімен генетикалық байланысты балалары-50 (елу) айлық есептік көрсеткіш, жылына 1 рет.

3) еңбек ардагерлері:

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар-26 (жиырма алты) айлық есептік көрсеткіш, жылына 1 рет;

1941 жылғы 22 маусымнан 1945 жылғы 9 мамырға дейін кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет еткен) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдар - 26 (жиырма алты) айлық есептік көрсеткіш, жылына 1 рет.

4) басқа адамдар:

Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде ұрыс қимылдары кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауыруы салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары-50 (елу) айлық есептік көрсеткіш, жылына 1 рет;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасылары-50 (елу) айлық есептік көрсеткіш, жылына 1 рет;

радиациялық ауру салдарынан қайтыс болған немесе мүгедектігі бар қайтыс болған адамдардың, сондай-ақ қайтыс болуы белгіленген тәртіппен Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсерімен байланысты азаматтардың отбасылары-50 (елу) айлық есептік көрсеткіш, жылына 1 рет;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде алған жаралануы, контузиясы, мертігуі немесе ауруы салдарынан қайтыс болған мүгедектің жұбайы (зайыбы) немесе Ұлы Отан соғысы кезеңінде алған жаралануы, контузиясы, мертігуі немесе ауруы салдарынан жеңілдіктері бойынша мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген адамның, сондай-ақ қайтыс болған Ұлы Отан соғысына қатысушының жұбайы (зайыбы) "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғынына" белгісімен наградталған, жалпы ауру салдарынан мүгедек деп танылған азамат, Партизан, жерасты адамы, қайта некеге тұрмаған еңбек мертігуінің және басқа да себептердің (құқыққа қайшы себептерді қоспағанда) - 26 (жиырма алты) айлық есептік көрсеткіш, жылына 1 рет;

5) Әлеуметтік маңызы бар аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі деп танылған тұлғалар (отбасы):

әлеуметтік маңызы бар оның ішінде: туберкулез ауруымен диспансерлік есепте тұрған адамдарға жан басына шаққандағы орташа кірісін есепке алмай - 7 (жеті) айлық есептік көрсеткіш, ай сайын;

адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырған балалардың жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай, ай сайын тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің 2 (екі) еселенген мөлшерінде диспансерлік есепте тұрған ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне;";

6) осы мекенжай бойынша тұрақты тұратын және тіркелген азаматтарға (отбасыларға) не олардың мүлкіне табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан зиян келтірілген кезде жан басына шаққандағы орташа табысын есепке алмағанда-үш айдан кешіктірмей-200 (екі жүз) айлық есептік көрсеткіш, жылына 1 рет;

7) мүгедектігі бар балалардың заңды өкілдерінің біріне және бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды санаторлы-курорттық емдеуге алып жүретін адамдарға жан басына шаққандағы орташа табысы ескерілмей, жылына 1 рет кепілді соманың 70 (жетпіс) пайызы мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсету;

8) Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдар күніне - 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға (ата-аналарының біріне немесе өзге де заңды өкілдеріне) жылына 1 рет 6 (алты) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

7.1. Жан басына шаққандағы орташа табысты есепке алмағанда, жылына 1 рет, бірақ кепілдендірілген сомадан аспайтын санаторлы-курорттық емделуге әлеуметтік көмек:

1) осы Қағидалардың 7-тармағының 1)-4) тармақшаларында көрсетілген адамдарға;

2) 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы Қазақстандағы оқиғаларға қатысқаны үшін қуғын-сүргінге ұшыраған адамдарға.

**3-тарау. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі**

8. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі, көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздер Үлгілік қағидаларға сәйкес айқындалады.

9. Әрбір жекеленген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмектің мөлшерін арнайы комиссия айқындайды, ол оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

10. Мереке күндері мен атаулы күндерге әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей көрсетіледі. Әлеуметтік көмек алушылардың санаттарын ЖАО айқындайды. Әлеуметтік көмек алушылардың тізімдері Мемлекеттік корпорацияға не өзге де ұйымдарға сұрау салу негізінде не уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйелерінен электрондық түрде қалыптастырылады.

11. Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінен немесе отбасы атынан (немесе Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 167-бабына сәйкес берілген сенімхат бойынша өкіл) әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне немесе Мемлекеттік корпорацияға сәйкес нысан бойынша өтінішпен жазбаша жүгінеді

Үлгілік қағидаларға 1-қосымшаға немесе үлгілік Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен бірге порталға электрондық түрде жіберіледі. Жазбаша өтініш берген кезде құжаттарды қабылдайтын маман Үлгілік қағидаларға 1-2 – қосымшаға сәйкес нысан бойынша "электрондық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың тиісті ақпараттық жүйелеріне (бұдан әрі-АЖ) сұрау салулар қалыптастырады.

АЖ-да мәліметтер сәйкес келмеген (болмаған) кезде өтініш беруші өтінішке мынадай құжаттарды қоса береді:

1)жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);

2) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтер (адамның (отбасы мүшелерінің) табыстарына қарамастан тағайындалатын әлеуметтік көмек алу үшін, адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтер берілмейді);

3) мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздердің болу фактісін растайтын төменде көрсетілген құжаттардың бірі:

табиғи зілзала салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне келтірілген залал фактісін растайтын құжат;

өрт салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне келтірілген залал фактісін растайтын құжат; әлеуметтік маңызы бар аурудың болу фактісін растайтын құжат;

Салыстырып тексеру үшін құжаттар түпнұсқада және көшірмелерде ұсынылады. Салыстырғаннан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады. Өтініш беруші қолданылу мерзімі өткен құжаттар топтамасын және (немесе) құжаттарды толық ұсынбаған кезде өтініш берушіге Үлгілік қағидаларға 1-3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік көмек көрсетуге өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.

Өтініш беруші әлеуметтік көмекке портал арқылы электрондық түрде жүгінген кезде қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың аж-на сұрау салуды өтініш берушінің өзі жүзеге асырады. Бұл ретте өтініш беруші өзінің ЭЦҚ-сын Мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың АЖ-нан келіп түскен электрондық өтініш пен мәліметтерді куәландырады.

12. Келіп түскен өтініштерді, оның ішінде электрондық өтініштерді әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган келіп түскен күні жұмыс күні ішінде, ал келіп түскен жағдайда жұмыс күнінен тыс уақытта – өтініш келіп түскен күннен кейінгі бірінші жұмыс күні тіркейді.

Осы Қағидалардың 6-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімдері 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын өткізу үшін учаскелік комиссияға жібереді адамның (отбасының) материалдық жағдайын тексеру.

13. Учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акт жасайды, Үлгілік қағидаларға 2, 3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға жібереді әлеуметтік көмек көрсету бойынша немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне.

Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі учаскелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен бірге әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

14. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жеткіліксіз болған жағдайда, әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсету үшін ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

15. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуы мүмкін болмаған жағдайда, әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган тиісті мәліметтері бар өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек көрсету туралы шешім қабылдайды.

16. Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган учаскелік комиссиядан немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысының есебін жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

17. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

18. Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш берушінің құжаттары тіркелген күннен бастап 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттардың және әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы арнайы комиссияның қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Қағидалардың 14 және 15-тармақтарында көрсетілген жағдайларда әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган өтініш берушіден немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттар қабылданған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган шешім қабылданғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өтініш берушіні бас тарту туралы алдын ала шешім туралы хабардар етеді, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін тыңдау өткізеді.

Тыңдау уақыты мен күнін әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган белгілейді, ол: өтініш берушіні бейнеконференцбайланыс немесе өзге де коммуникация құралдары арқылы тыңдауға шақыру; Ақпараттық жүйелерді пайдалану; өтініш берушіге өз ұстанымын айтуға мүмкіндік беретін байланыстың өзге де тәсілдері.

Өтініш беруші әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімге қарсылықты оны алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде беруге немесе білдіруге құқылы. Өтініш беруші өзінің қарсылығын ауызша білдірген жағдайда, әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган, лауазымды адам тыңдау хаттамасын жүргізеді.

Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган, лауазымды адам өтініш берушіге тыңдау хаттамасымен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Өтініш беруші танысқаннан кейін үш жұмыс күні ішінде тыңдау хаттамасына өз ескертулерін беруге құқылы.

Ескертулерді қарау нәтижелері бойынша әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган Үлгілік қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік көмек көрсету (көрсетуден бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

19. Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган өтініш берушіге Үлгілік қағидаларға 5 – қосымшаға сәйкес (бас тартылған жағдайда-Үлгілік қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес) әлеуметтік көмек көрсету туралы қабылданған шешім туралы хабарлама жібереді.

Егер әлеуметтік көмек көрсетуге арналған өтініште мобильді азаматтар базасында тіркелген ұялы телефон нөмірі көрсетілсе, әлеуметтік көмек көрсету (көрсетуден бас тарту) туралы хабарлама өтініш берушінің ұялы телефонына sms-хабарлама беру арқылы автоматты режимде жіберіледі.

Өтініш берушінің ұялы телефонына sms-хабарлама жіберу мүмкіндігі болмаған кезде әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган немесе Мемлекеттік корпорация әлеуметтік көмек көрсету (көрсетуден бас тарту) туралы хабарламаны басып шығарады және оны өтініш берушіге жеке өзі жүгінген кезде береді.

Өтінішті портал арқылы берген кезде шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде автоматты режимде әлеуметтік көмек көрсету (көрсетуден бас тарту) туралы хабарлама өтініш берушінің Жеке кабинетіне портал арқылы жіберіледі.

20. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) өтініш берушілер ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;

2)өтініш берушінің адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартуы, жалтаруы;

3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысының әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шегінен асып кеткен;

4) уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінен төлемдерді тағайындау, жүзеге асыру, осы негіз бойынша әлеуметтік көмек тағайындауға өтініш беру фактілерін растайтын мәліметтерді алу.

21. Әлеуметтік көмек көрсетуге арналған шығыстарды қаржыландыру Сарқан ауданының бюджетінде ағымдағы қаржы жылына көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік көмек сомаларын Мемлекеттік корпорацияға аударады.

Мемлекеттік корпорация әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органнан алынған әлеуметтік көмек сомаларын әлеуметтік көмек алушылардың банктік шоттарына аударады.

Әлеуметтік көмекті есептеу және көрсету кезінде тиындармен есептелген барлық сомалар тиындар сомасына қарамастан бір теңгеге дейін дөңгелектенуге жатады.

22. Әлеуметтік көмек келесі жағдайларда тоқтатылады: 1) алушы қайтыс болған; 2) алушы Сарқан ауданынан тыс тұрақты тұруға кеткен; 3) алушыны арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарына тұруға жіберу; 4) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған; 5) әлеуметтік көмек көрсетуге негіздемелердің жоғалғаны туралы мәліметтер анықталған.

Осы тармақтың 3) тармақшасы Қағидалардың 6-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тағайындалған әлеуметтік көмек төлеуге қолданылмайды.

Осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша әлеуметтік көмек төлеу көрсетілген мән-жайлар басталғаннан кейінгі келесі айдан бастап тоқтатылады.

Осы тармақтың 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша әлеуметтік көмек төлеу көрсетілген мән-жайлар басталған күннен бастап тоқтатылады.

Алушылар әлеуметтік көмек алу құқығына әсер ететін мән-жайлар туындаған жағдайда олар туралы он жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

23. Әлеуметтік көмектің артық төленген сомалары ерікті тәртіппен қайтарылуға жатады, заңсыз алынған сомалар ерікті түрде немесе сот тәртібімен қайтарылуға жатады.

24. Әлеуметтік көмек көрсетудің мониторингі мен есебін "Е-Собес"автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып, әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

25. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек төлеуге алушылардың санаттарын қалыптастыру үшін әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган зейнетақы мен жәрдемақы алушылар болып табылатын (белсенді) азаматтардың деректерін алуға уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйелеріне сұрау салуға бастамашылық жасайды.

Әлеуметтік көмек көрсетуге арналған зейнетақылар мен жәрдемақыларды алушылар бойынша мәліметтер Үлгілік қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

26. Мемлекеттік корпорация арқылы әлеуметтік көмек төлеуді жүзеге асыру процесін уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйелері арқылы әлеуметтік көмек көрсету туралы шешім қабылдаған кезде әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган бастамашылық етеді.

27. Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган қабылдаған әлеуметтік көмек көрсету туралы шешімнің негізінде Мемлекеттік корпорация әлеуметтік көмек төлеуге бюджет қаражатына қажеттілікті қалыптастырады: біржолғы төлемдер бойынша – күн сайын; ай сайынғы және тоқсандық төлемдер бойынша-төлем айының алдындағы айдың 27-сі.

28. Қажеттілік қалыптасқаннан кейін Мемлекеттік корпорация келесі жұмыс күнінен кешіктірмей әлеуметтік көмек төлеуге қажеттілік сомасы туралы өтінімді әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік көмек төлеуге қажеттілік сомасы туралы өтінім келіп түскеннен кейін екі жұмыс күні ішінде

Мемлекеттік корпорацияға әлеуметтік көмек төлеуге қажеттілік сомасы туралы өтінімде көзделген сомалар шегінде ақша қаражатын аударады. Айдың 27-күнінен кейін келіп түскен әлеуметтік көмек төлеуге қажеттілік сомалары туралы өтінімдер бойынша әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган келесі айдың 1-күнінен кейін Мемлекеттік корпорацияға ақшалай қаражатты аударады.

29. Мемлекеттік корпорация трансферттер түскеннен кейін екі жұмыс күні ішінде төлем тапсырмаларын төлеу кестесіне сәйкес қалыптастырады және алушылардың банктік шоттарына төлемді жүзеге асырады.

30. Әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымнан әлеуметтік көмек сомасын қайтарған кезде әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымнан мәліметтер алынған күннен кейінгі үш жұмыс күні ішінде ақпараттық жүйеге тиісті өзгерістер енгізеді.

31. Мемлекеттік корпорация ағымдағы айдың соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік корпорацияның шотына түскен әлеуметтік көмектің артық есептелген (төленген) сомаларын әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органға аударады.

32. Әлеуметтік көмек төлеуге байланысты банктік қызметтерге ақы төлеу мемлекеттік корпорация мен әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган арасында жасалатын шарт негізінде жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**ЖОБА**

# *АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ШЕШІМІ*

**Сарқан ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-3 тармағына, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымындағы № 523 қаулысына сәйкес", Сарқан аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Сарқан ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін (келісім бойынша).

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Сарқан аудандық мәслихатының төрағасы М. Разбеков**

ПРОЕКТ
